

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**



**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина Университетінің
медициналық білім үлгісі:
Оқу деңгейі бойынша компетенцияларды бағалау
(негізгі медициналық білім – бакалавриат)**

**Модель медицинского образования Казахского Национального
медицинского университета им. С.Д.Асфендиярова:
Оценка компетенций по уровням обучения
(базовое медицинское образование – бакалавриат)**



Алматы, 2011

УДК 378
ББК 74.58
С 20

Рецензенттер:

Жумалина А.К. – М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті педиатрия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор

Ибрашева А.Х., Тараз Мемлекеттік педагогика институтының ғылым, инновациялық даму және халықаралық байланыстар басқармасының бастығы, филология ғылымдарының кандидаты.

С 20 С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина Университетінің медициналық білім үлгісі: Оқу деңгейі бойынша компетенцияларды бағалау (негізгі медициналық білім – бакалавриат) / А.А.Аканов, К.А. Тулебаев, С.С.Сарсенбаева, М.А. Абирова, Е.А. Славко, З.Б. Исина, М.А.Асимов, Э.К.Карлова, Н.М.Тусупова, Н.Т.Баймаханова, Жунусова А.Ж.. – Алматы, 2011. – с.84.

ISBN 978-601-246-302-6

2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қалыптарын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасында 2010 жылы алғаш рет С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде студенттерді компетентті-бейімделілген оқытудың медициналық білім үлгісі құрастырылды. Оқытудың осы жолы денсаулықсақтау жүйесі мен қоғамның жаңа талаптарына сай келеді, жалпы кәсіптік-компетентті, бәсекеге қабілетті маман-дәрігердің қалыптасуына алып келеді.

Оқытудың жаңа жүйесі оқушы компетенциясын бағалаудың басқаша жолдарын талап етеді, ол тек бағаланатын компетенцияның компоненттеріне ғана емес, сонымен қатар оқыту деңгейіне, пре- және постреквизиттерге тәуелді. Алға қойылған мақсаттарға жетуде білім беру сапасын, тиімділігін қамтамасыз ету үшін С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оқыту деңгейі бойынша компетенцияларға бағалау жүргізуде және ЖОО студенттерінің жеке жетістіктерін бақылауды жүзеге асыруда нұсқаулар құрастырды. Ұсынылып отырған бағалау жүйесін қолдану уақытылы түзету шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік нұсқау медициналық ЖОО, методисттерге, білім саласындағы мамандарға және оқу мекемелерінің жетекшілеріне арналған.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-246-302-6

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

Мазмұны

| | |
|--|-----------|
| Кіріспе | Беті 4 |
| Қолдану саласы | 5 |
| Нормативті сілтемелер | 5 |
| Жалпы мағлұмат | 6 |
| Оқушылардың компетенциясын бағалаудағы негізгі түсініктер | 6 |
| Оқушылар компетенцияларын есептеу | 8 |
| ҚазҰМУ студенттерінің негізгі компетенцияларын бағалау әдістері мен құралдары | 10 |
| Студент компетенциясын ағымды бағалау бойынша нұсқаулар | 10 |
| ҚазҰМУ студенттерінің негізгі компетенцияларын қалыптастыруды ағымды бағалау нәтижелері | 14 |
| Студент компетенциясын қорытынды бағалау бойынша нұсқаулар | 15 |
| «Білім» компетенциясын қалыптастыруды қорытынды бағалау | 15 |
| «Тәжрибелік дағдылар» компетенциясын қалыптастыруды қорытынды бағалау | 16 |
| «Коммуникативті дағдылар» компетенциясын қалыптастыруды қорытынды бағалау | 18 |
| «Денсаулық адвокаты» компетенциясын қалыптастыруды бағалау | 20 |
| «Өзбетінше жетілу» компетенциясын қалыптастыру деңгейін бағалау | 22 |
| ҚазҰМУ студенттерінің компетенцияларына бағалау жүргізу үшін оқу-материалдық активтер | 22 |
| 1 Қосымша. Студенттердің негізгі компетенцияларын қалыптастыруды бағалауда нұсқауларды ескере отырып, оқу журналын рәсімдеу үлгісі | 23 |
| 2 Қосымша. Студенттердің өзіндік жұмысын (СӨЖ) дайындау және орындалуын бағалауға қойылатын талаптар | 24 |
| 3 Қосымша. С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті студентінің «портфолиосы» | 33 |
| Қысқартылған сөздер тізімі | 42 |
| Әдебиеттер тізімі | 43 |

Кіріспе

Медициналық жоғарғы оқу орнында оқу кәсіптік дамудың ең қиын түрі болып табылады. Мектептен әртүрлі мүмкіндік және дайындық деңгейімен келген, сонымен бірге жоғарғы оқу орындарындағы оқу үрдісінің ұйымдастырылуына бейімделуі жеткіліксіз студенттер студенттердің өзіндік жұмысын, оқытушы жетекшілігімен жұмысын орындауда да білім алу мүмкіндігі жоғары болуы керек. Бұған тек педагогтың қатысуынсыз өзін-өзі қалыптастыру мен өзін-өзі тәрбиелеуді жоғарғы деңгейде ұйымдастырған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Оқу үрдісінің соңғы нәтижесі, кәсіптік дағдыларды меңгеруді ескермегенде, болашақта кәсіптік қызметімен айналысуда жетістіктерге жету мүмкіндігін беретін студент тұлғасының психологиялық өзгерісі болып табылады.

Қазіргі әлемдік оқу тәжірибесінде компетенттілік түсінігі «негізгі» болып табылады. ҚазҰМУде түлектердің компетенцияларының қалыптасуын ескере отырып, алғаш рет медициналық білім үлгісі құрастырылды, оны оқу үрдісіне енгізу кәсіптік қызметі саласына инновациялық жол табу мүмкіндігі бар, басқарма шешімдерін қабылдаудың қазіргі ақпарат құралдарын қолдана отырып, креативті-аналитикалық ойлау қабілетіне ие маман дайындауға жол ашады.

ҚазҰМУ медициналық білім үлгісінде түлектердің **5 негізгі компетенциясы** ұсынылды: білім, тәжірибелік дағдылар, коммуникативті дағдылар, денсаулық адвокаты және өзбетінше жетілу. Бұл компетенцияларды шартты түрде екі топқа жіктеуге болады – әмбебап, құрамына жалпы ғылыми, қолданыстық, әлеуметтік-тұлғалық және жалпы мәдени компетенциялар кіреді және кәсіптік компетенциялар.

Негізгі, барлық бағыттарды дайындауда біркелкі болып табылатын әмбебап компетенциялар тобына, жалпы ғылыми және аналитикалық компетенциялар, негізгі қолданыстық дағдылар, ақпаратпен жұмыс істей алу игерімі, креативтілік, жаңашылдық, ауызша және жазбаша коммуникация дағдыларын, өзіндік анықталу және мәселелену дағдыларын жатқызуға болады. Компетенциялар әртүрлі оқу курсына тренингтер, нұсқаулар, кейстер және басқа оқу-тәжірибелік қызметтерін қалыптастыру нәтижесінде шыңдала отырып, кезегімен қалыптасады.

ҚазҰМУ түлектерін дайындау сапасының компетентті үлгісі оқу үрдісі нәтижесінің пәнаралық талаптарына бейімделуіне байланысты болғандықтан, компетенцияларының қалыптасу деңгейін бағалау жүйесі оны ұйымдастыруда интегрирленген жолға ие болуы керек. Бұл ЖОО барлық қызметкерлеріне нақты оқу бағдарламасы бойынша басынан бастап соңына дейін маман дайындау үрдісін және осы үрдістегі өзінің алатын орнын көруге, ал ол болса өз кезегінде әр қызметкердің өз кәсібінің нәтижесі үшін жауапкершілігінің артуына оң әсер етуі қажет.

Бірнеше жылдар бойы ҚазҰМУде білімін бағалауда балдық-рейтингтік жүйесі қолданылып келеді, ол әр оқу пәні бойынша семестрлік бақылау шараларын бөлу негізінде студенттердің оқу жұмысының сапасына кешенді бағалау жүргізуді жүзеге асыруға, студенттердің өзіндік жұмыстатыр бір қалыпқа келтіру және белсендіруге, үлгірімін бағалау объективтілігінің артуына мүмкіндік береді. Ағымдық үлгірімін бақылау және аралық аттестация нәтижесінде оқудың шектелген нәтижелері – компетенциялардың жеке компоненттері (білімі, игерімі, пән немесе оқу бағдарламаларының үлгілері бойынша дағдылары) бағаланады. Бітіруші түлектердің компетенцияларын толық бағалау қорытынды мемлекеттік аттестация түрінде жүзеге асырылады.

Оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа жүйесі студенттердің сабақ кезінде меңгерген білімі, игерімін және дағдыларының сапасын бақылауды жүргізудің басқа түрін енгізуді талап етеді. Қазіргі кезде қолданылатын диагностикалық әдістер мен құралдар кәсіптік компетенцияларын анықтауға толық бейімделілмеген. Осыған байланысты, компетенцияларының қалыптасу деңгейін бағалау жүйесінің әдістемелік нұсқауларын – оқу аяқталуына қарай студенттер нені білуі және жасай алуы тиіс екендігін анықтайтын әдістер мен құралдар бойынша нұсқаулықтар жасау өзекті мәселе болып табылады.

ҚазҰМУдегі компетенцияларды бағалау жүйесіндегі «қарапайымнан күрделіге» қағидасын, оңтайлылық, пәнаралық жолмен қарастыру әдістерін ескере отырып, оқытудың барлық деңгейлерінде біріздендірілген бағалау жүйесі болуы керек. Әр пәнге және курсқа сәйкес компетенцияларды бағалауда жеке жолдар қарастырылуы қажет. Студенттер компетенцияларын қалыптастыруды бағалау жүйесінің тиімді жолы білімі, игерімі мен дағдыларын тексерудің дәстүрлі әдістері мен құралдарын және қалыптасатын компетенцияларды кешенді бағалаудың инновациялық жолдарын бірге қолдану болып табылады.

1. Қолдану саласы

Оқу деңгейіне сәйкес компетенцияларды бағалау бойынша нұсқаулықтар студент тұлғасының жеке дамуы мен білім алу деңгейін анықтау мақсатында кәсіптік-оқыту үрдісін жоспарлау, өткізу және бақылау үшін құрастырылған.

Компетенттілікті ағымды және қорытынды бақылауды жүзеге асыру бойынша нұсқаулар да бірге қарастырылады (тәжірибелік және коммуникативті дағдылар, құқықтық білім және дағды, өзбетінше жетілу).

Компетенцияларды бағалау бойынша нұсқаулар:

- ҚазҰМУде жүзеге асырылатын жоғарғы кәсіптік білім мамандық/бағыттарының оқу жұмыс жоспарына қосылған барлық оқу пәндері бойынша сабақ жүргізуге жауапты оқытушыларға;

- оқу-әдістемелік жұмыс Департаментіне;

- тәжірибелік дағдылар Орталығына;

- тест Орталығына арналған.

Студент компетенцияларының қалыптасуын бағалау оқу үрдісін анықтау, болжау, бақылау және түзету шараларын ұйымдастыруды қарастырады.

Ақылы бөлімде оқытылатын студенттер бюджет есебінен оқытылатын студенттерге тән құқықтар мен міндеттерге ие.

2. Нормативті сілтемелер

Бұл нұсқау келесі құжаттарға сәйкес құрастырылды:

- «Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы», 27 шілде 2007 жыл №319-III соңғы өзгертулер мен қосымшалармен;
- Мемлекеттік білім беру стандарттары 2006 ж. (Астана, ҚР БҒМ № 461 бұйрығы, 28.08.2006 ж.);
- Оқушылардың үлгірімін ағымды бақылау, аралық және қорытынды аттестация жүргізудің типті ережелері, 18 наурыз 2008 жыл, ҚР БҒМ №125 бұйрығы, 13 сәуір 2010 жылы енгізілген өзгертулермен, ҚР БҒМ № 168 бұйрығы, ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген, 17 мамыр 2010 ж. № 6236;

- Жоғары мамандандырылған білім беру мекемелерінде кредитті технология бойынша оқытуды ұйымдастыру ережелері, ҚР БҒМ № 152 бұйрығымен бекітілген, 20 сәуір 2011 ж.
- ҚазҰМУ медициналық білім беру үлгілері, 2010 ж.

3. Жалпы мағлұмат

3.1 Мақсаты оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері мен құралдарын анықтау, сонымен қатар, ҚазҰМУ білім берудің компетентті үлгісінің негізінде студенттердің әмбебап және кәсіптік жетістіктерін бағалаудың бірыңғай жүйесін енгізу.

3.2 Студенттердің оқудағы жетістіктерін бақылау білім берудің осы түріне сәйкес студенттердің МЖМББС (ГОСО) меңрегу дәрежесін және кәсіптік қызметін өзбетінше жүзеге асыруға дайындығын анықтау мақсатында жүргізіледі.

3.3 ҚазҰМУ медициналық білім үлгісінің есепке ала отырып, оқушылардың оқудағы жетістіктерін бақылауды жүзеге асыру үшін әр пән бойынша ағымды және қорытынды бағалауды жүргізу ұсынылады.

3.4 Оқытудың компетенттілік жолын белсендіру үшін жетекші педагогикалық қызмет атқаратын барлық құрылымдық бөлімшелерге пән бойынша силлабусқа «кафедра саясаты» бөліміне студенттердің сабақта негізгі 5 компетенцияларын қалыптастыру үшін қажет тапсырмалар тізімін, компетенттілік дәрежесін бағалау әдістері мен бағалау мерзімін көрсету ұсынылады; Әр пән бойынша негізгі компетенцияларды қалыптастыру үшін қажет тапсырмалар тізімі кафедраларда талданады және қабылданады, білім бағдарламалары Комитеттерімен келісіледі және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі Проректормен бекітіледі. Тапсырмалар тізімін құрастыру және бекітуді бақылау оқу департаменттерінің Директорларына жүктеледі;

3.5 Модуль (пән) бойынша негізгі компетенцияларын ағымды бағалау нәтижелері студенттердің үлгірім журналына енгізілуі қажет. Әр компетенция бойынша бағалау журналдың бір бетінде немесе әртүрлі беттерінде көрсетіле алады, егер пән көлемі оған сәйкес болса (1 қосымша);

3.6 Оқушының үздіксіз өзбетінше дамуын, үнемі кәсіптік өсуге ұмтылуын жігерлендіру үшін, сонымен қатар, оның оқудағы және жеке жетістіктеріне бақылау жүргізу мақсатында портфолио енгізу ұсынылады.

3.7 Студенттердің компетенттілігін бағалауды енгізу және жүргізу осы жоғарғы оқу орындары арасындағы құжат нұсқаулықтарына сәйкес кафедра меңгерушілерімен, тәжірибелік дағдылар Орталығымен жүзеге асырылады.

3.8 Студенттердің компетенттілігін бағалауды енгізу және жүргізуді бақылау осы жоғарғы оқу орындары арасындағы құжат нұсқауларына сәйкес оқу-әдістемелік жұмыс Департаменті және Оқу департаменттерімен жүзеге асырылады.

4. Оқушылардың компетенция деңгейін бағалаудағы негізгі түсініктер

ЖОО оқушыларының МЖМББС-2006 сәйкес оқудағы жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі жүйесі әртүрлі формалардан тұрады: үлгірімін ағымды бақылау, оқушылардың аралық аттестациясы және қорытынды мемлекеттік аттестация.

Пәннің оқу бағдарламасы оқушылардың үлгірімін *ағымды бақылаудың* әртүрлі түрлері анықталады: ауызша сұрау, жазбаша бақылау, біріктірілген бақылау, үй тапсырмаларымен таныстыру, дискуссия, дөңгелек үстел, кейс-стади, тесттік тапсырмалар және т.б. Жұмыстың осы түрлерінен бағалау пән бойынша жіберу рейтингін есептеу кезінде (яғни рейтингтік бақылау жүргізу кезінде) ескерілуі керек.

Оқушылардың **аралық аттестациясы** – оқу бағдарламасына сәйкес сабақ аяқталғаннан кейінгі оны меңгеру дәрежесін бағалау мақсатында жүргізілетін шара. ЖОО оқушыларының аралық аттестациясы оқу жоспарына, сабақ кестесіне және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Емтихан сессиясы кезінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру меңгерген пәні бойынша емтихан тапсыру түрінде жүргізіледі (ауызша, жазбаша емтихан, тестілеу, кешенді тестілеу, біріктірілген емтихан және басқалары).

Студенттердің **қорытынды мемлекеттік аттестациясы** олардың білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі және мамандықты игеру кезіндегі оқушылардың үйренген компетенцияларының деңгейін анықтауға бағытталған. Қорытынды мемлекеттік аттестация нәтижелеріне қарай студенттерге сәйкес академиялық дәреже (бакалавр, магистр) беріледі, біліктілік дәрежесі анықталады және жоғарғы оқу орнын аяқтағандығы жөніндегі диплом беріледі.

Студенттердің **білім компетенцияларын бағалаудың балдық-рейтингті жүйесіне көшу** кредитті бірлік жүйесіне ауысудың міндетті элементі, оқытылатын оқу курстарын меңгерудің барлық кезеңдерінде өзбетінше жұмыстарды белсендіруге бағытталған. Бұл білім технологиясы мамандық дайындау бағдарламасын меңгеруде студенттердің өз жұмысының сапасына жауапкершілігінің артуына, оқу материалын студенттердің игеруін үздіксіз бақылауға және студенттердің оқу жұмыстарының сапасын оқытушының объективті бағалауына мүмкіндік береді.

ҚазҰМУ медициналық білім үлгісінде оқу деңгейі бойынша студенттердің компетенцияларын бағалау қазіргі медициналық қызметкерлерді дайындауды тиімді ету және жетілдіру қарастырылады. Сондықтан кәсіптік дайындық сапасын бағалаудағы бақылау-өлшеу құралдары екіге бөлінеді: теориялық білімін және компетенцияларын бағалау (тәжірибелік және коммуникативті дағдылар, денсаулық адвокаты, өзбетінше жетілу).

Осыған байланысты, бағалау жүйесінің міндеттеріне жатады:

- студенттердің компетенциясы бағалау әдістері мен құралдарын анықтау;
- студенттердің компетенцияларының қадыптасу деңгейі мен критерийлерін анықтау;
- бақылау жүргізу шараларын қамтамасыз ету (студенттер компетенциясының төлқұжаты);
- бағалау құралдарының қорын құру;
- студенттердің жеке жетістіктерінің мәліметтерінің базасын құру;
- түзетуші шараларды ойлап табу.



Суретте бағалау объектілері мен субъектілерімен бірге компетенцияларды бағалау үлгісі келтірілген. Медициналық мекемелердегі студенттерді оқытуда компетентті жолды құрастырудың негізінде еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес мемлекеттік және оқу білім бағдарламалары жатыр. Бағалау объектілеріне абитуриенттен бастап бастапқы білім және дағдыларға ие оқушылар жатады. Соған қарамастан, компетенцияларды дамыту талаптары базалық (мектеп) біліміне қарамастан барлығына бірдей. Оның орталық тармағы ұзақ уақыт бойы компетенцияларды қалыптастыратын және кейін еңбеу нарығына сәйкес толықтырып отыратын медициналық ЖОО студенті болып табылады.

5. Оқушылар компетенцияларын есептеу

5.1 Оқушылардың оқуда жеткен жетістіктерін бағалау білімін, игерімін, дағдыларын есептеу негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Компетенция негіздері:

- *Білім:* бақылау сұрақтары, билеттер, тесттер (ашық, жабық, аралас, сәйкестікке арналған), эссе, рефераттар, баяндамалар, презентациялар, курстық немесе басқа да жұмыстар тапсыру.
- *Тәжірибелік дағдылары:* лабораториялық жұмыстар, эксперимент, сынақ жүрзізу, стандартталған және шынайы науқас, клиникалық талдау, консилиум, баяндама, презентация дайындау, ауру тарихы, медициналық құжаттар толтыру және т.б., МЖББС (ГОСО), оқу бағдарламалардағы талаптарға сәйкес дәрігерлік манипуляцияларды орындау.
- *Коммуникативті дағдылар:* топта жұмыс істеу, ұжымда бейімделу, науқаспен қатынас орнату, әңгімелесу, диспут, анкета жүргізу, өзін өзі бағалау, клиникалық талдау кезіндегі дағдыларын көрсету және басқалары.
- *Денсаулық адвокаты:* тестілеу, ауызша сұрау, баяндама, эссе, медициналық құжаттармен жұмыс, қауіпсіздік техникасы ережелері (электронды аппаратура, биопрепараттар, бактериологиялық лаборатория), экспертиза және басқалары.
- *Өзбетінше жетілу:* портфолио (студенттің жеке оқу кезіндегі жетістіктері), жеке жетістіктер қоры (студент жинағы), ауызша баяндама жасау (кәсіптік сөйлеу), тестілеу (ағылшын тілі), орта және жоғарғы курстарда журналклубы (профильді пәндер бойынша журналдарды талдау), аналитикалық шолу, мақала жазу, эссе, тұжырымдама және т.б..

5.3 ҚазҰМУ медициналық білім үлгісіне сәйкес студенттерді оқытудың компетентті-бейімдетілген жол қағыдаларын ұстай отырып, сонымен қатар, кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру (пән бойынша) үшін әр оқу курсында сол компетенцияның үлес салмағын анықтап алу ұсынылады (% , пайызбен):

| Курс/ компетенция | Білім | Тәжірибелік дағды | Коммуникативті дағды | Денсаулық адвокаты | Өзбетінше жетілу |
|----------------------|-------|----------------------|-------------------------|-----------------------|---------------------|
| 1 | 75 | 5 | 10 | 3 | 7 |
| 2 | 65 | 12 | 10 | 3 | 10 |
| 3 | 60 | 15 | 10 | 5 | 10 |
| 4 | 50 | 25 | 15 | 5 | 10 |
| 5 | 40 | 25 | 15 | 10 | 10 |
| 6 | 25 | 35 | 15 | 10 | 15 |
| 7 | 20 | 40 | 15 | 10 | 15 |

«Жалпы медицина» факультетінің **1-ші курсы**нда оқуда негізгі орынды кеше ғана мектеп бітірген оқушыны 10 жалпы және 4 негізгі пән бойынша теориялық дайындау алады. Соның ішінде «клиникаға кіріспе-1», осыған байланысты бірінші кезекте «білім» компетенциясын қалыптастыру негізделген, яғни оқып жатқан пәні бойынша студенттерді тестілеу.

Тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру медициналық биофизика және молекулярлы биология, медициналық генетика және клиникаға кіріспе-1 меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген пәндер кезінде меңгерген дағдылары мен игерімдері (микроскоппен жұмыс, медициналық құрылғыларды қосу, электродтарды қосу, науқас күтімі, кеңістіктерді санитарлық өңдеу үшін ерітінділер дайындау және т.б.) тесттік емтихан немесе дифференциялық сынақ алдында тәжірибелік дағдыларды құрылымдандырылған бақылау түрінде бағалануы мүмкін (клиникаға кіріспе-1).

«Коммуникативті дағдыларды» қалыптастыру тәжірибелік дағдыларды, тапсырмаларды орындау игерімі, сұрақтарға жауап беруі, сонымен қатар, цикл аяқталған кезде бақылаумен бірге бір мезгілде жүргізілуі мүмкін,

«Жалпы медицина бакалавры» білім бағдарламасының мазмұнына сәйкес бірінші курс студенттері саясаттану және құқық негіздері сияқты пәндерді меңгереді, аяқтаған кезде емтихан тапсырады. Осыған байланысты, «Денсаулық адвокаты» компетенциясы семинарлық сабақтар қорытындысы (аралық бақылау) және осы пәннен тестілеу нәтижесі бойынша бағаланады.

Бірінші курстан бастап студент жеке оқудағы және оқудан тыс жетістіктерінің портфелін (портфолио) жинайды. Курс бойынша портфолионы бағалау критерийлері төменде көрсетілген.

2-ші курста, бұрынғысынша, «білім» компетенциясының маңыздылығы айтарлықтай жоғары (65%), бірақ біртіндеп тәжірибелік дағдылардың үлес салмағы да артады (12%), себебі студент анатомия-1, физиология-1, гистология-1, патологиялық анатомия-1, патологиялық физиология -1, биохимия, микробиология, фармакология, клиникаға кіріспе-2 меңгереді.

Негізгі құқықтық сұрақтар (заңдар, кодекстер, қауіпсіздік техникасының негіздері және басқалары), студент оқудың екінші жылының аяғына қарай меңгеруі қажет, *фармакология, социология, клиникаға кіріспе-2, микробиология* пәндерінен қорытынды бақылау (емтихан) тесттеріне қосу керек.

3-ші, 4-ші және 5-ші курстарда студенттердің тәжірибелік және коммуникативті дағдыларының маңыздылығы артады, себебі клиникалық пәндер (ішкі аурулар пропедевтикасы, ішкі және балалар аурулары, хирургия. Акушерлік және гинекология, қоғамдық денсаулық қорғау, биостатистика, эпидемиология, жалпы иммунология және басқалары).

Клиникалық кафедраларда тәжірибелік дағдылардың бағалануын бақылау (кафедралар ұсынған тізім бойынша) объективті құрылымдандырылған емтихан түрінде (ОҚЕ) өткізуге болады. ОҚЕ ҚазҰМУ енгізілгеніне біраз уақыт өтті, тәжірибелік және коммуникативті дағдыларды қалыптастырудың объективті көрсеткіші болып табылады және жетістіктермен қолданылып келеді. Бақылаудың осы түрін белсендіру үшін оның бір сатысын студенттердің «денсаулық адвокаты» компетенциясын бағалауға арнау қажет. Теориялық кафедралар үшін емтихан тесттеріне осы оқытылатын пәнге сәйкес белгілі бір пайызда «құқықтық сұрақтарды» қосу ұсынылады.

Интернатурада (6-7 курстарда), «білім» компетенциясы сәйкесінше 25-20% аспауы қажет, себебі барлық негізгі теориялық білімді студенттер алғашқы бес курс кезінде алды, ал «дағдылар» компетенциясы негізгі болып табылады (55тен 55%ға дейін). Сонымен бірге маман дәрігердің өзбетінше жетілу және өзбетінше даму рөлі де артады, оның жеке және қоғамдық жетістіктерінің портфелі «қалыңдайды», ол болашақта бітіруші

түлектің мамандығын және болашақ жұмыс орнын таңдауына мүмкіндік береді. 6 жыл бұрын басталған және өзбетінше жетілуге негіз болған портфолио сауатты және объективті түрде түйіндеме, ұсыныс хат құрастыруға қажет болады.

6. ҚазҰМУ студенттерінің негізгі компетенцияларын бағалау әдістері мен құралдары

6.1. Студенттердің компетенциясын ағымды бағалау бойынша нұсқаулар

Теориялық, тәжірибелік, коммуникативті және құқықтық дайындықтарын бағалау сапасының, сонымен қатар оқушының үнемі өзбетінше жетілуге құштарлығының бітіруші түлектің маман ретінде дамуында маңызы зор және болашақ кәсіптік қызметінде кәсіптілік пен компетенттілігін қамтамасыз етеді.

ҚазҰМУ медициналық білім Үлгісін толық көлемде жүзеге асыру үшін студенттер **компетенттілігінің ағымды бағалануын** барлық 5 негізгі компетенциялар бойынша барлық сабақта және барлық пәннен жүргізілуі қажет және оқу журналына нәтижелері 100-балдық бағана бойынша тіркеледі. Осыған байланысты, оқу журналы «білім», «тәжірибелік дағдылар», «коммуникативті дағдылар», «құқықтық компетенция», «өзбетінше даму» бөлімдеріне бөлінуі қажет.

Әр студенттің әр бөлімге сәйкес компетенциясы бойынша жетістіктері деңгейінің нәтижелері болуы керек, яғни **нақты тапсырманың орындалу сапасы**. Осы мақсатта студенттер бірінші курстан бастап 5 негізгі компетенцияларын қалыптастыру үшін қажетті тапсырмалар тізімімен, компетенцияларды бағалау әдістері мен ұсынылатын бағалау мерзімдерімен қамтамасыз етілуі қажет (силлабуста).

Маңызды! Компетенциясын бағалау үшін тапсырмаларды құрастыру пәннің пре-және постреквизиттерінде негізделуі қажет.

Аралық бақылаудың бағасы жеке қойылады. Негізгі компетенцияларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындағаны үшін студенттің алған барлық бағалары қосылады, оның ішінде оқу-тәжірибелік тәжірибе бойынша (типті бағдарламада көрсетілсе). Алынған баға орындалған тапсырмалар санына бөлінеді: сабақ күндері + студент меңгеруі қажет тәжірибелік және коммуникативті дағдылар саны + оқушылармен орындалған СӨЖ саны + құқықтық компетенция бойынша бақылау тапсырмаларының саны + тәжірибе бойынша орындаған тапсырмалар саны (типтік бағдарламада қарастырылған болса). Пән бойынша шыққан орта баға оқушыны дифференциялық сынақ немесе емтиханға жберу көрсеткіші болып табылады.

Осы уақытқа дейін үлгірімі бойынша ағымды бақылау барлық курста күн сайын жүргізіледі, яғни студенттің білімі мен игерімі сәйкес бағамен бағаланады. Модульдің соңында орта бағасы есептеледі. Төменгі курстарда нақты бір пәннен күн сайын жаңа тақырып меңгерілетінін ескерсек, тәжірибелік сабақ ұзақтығы 1ден 3 академиялық сағатқа дейін, студент саны топта 15-20 адам болса, күнделікті бақылау сапасы және, сәйкесінше компетенция бойынша бағалау құман тудырады.

Негізгі компетенцияларды қалыптастыруға бағытталған ҚазҰМУ медициналық білім Үлгісі бойынша білімі, дағдылары мен игерімі сияқты компетенцияларды алғашқы 3 курста, күнделікті емес, аралық бақылау түрінде жүргізген дұрыс. Мысалы, мазмұны бойынша ұқсас тақырыптарды меңгеруді аяқталуына қарай 3 күнде 1 рет. Осы уақыт аралығында (аралық бақылауға дейін) әр студент 5 негізгі компетенцияларды меңгеру бойынша барлық тапсырмалармен (үй тапсырмасы, өзбетінше орындалатын тапсырмалармен және т.б.) қамтамасыз етілуі керек. Мысалы, «жалпы химия» пәні бірінші курста студенттер 18 күн 3 академиялық сағаттан оқиды. Аралық бақылау 5-6-дан аспауы керек. Студент компетенцияларын бағалаудың осы түрі студенттер үшін де, оқытушылар үшін де тиімді болмақ.

1 бөлім «Білім» компетенциясы *

| Студенттің аты жөні | Күні/ 1.09 | 2.09 | 3.09 | 4.09 | 5.09 | Аралық бақылау | Бағалар қосындысы R1 |
|------------------------|---|--------------|------|------|------|----------------|----------------------------|
| | Сабақ нөмірі / 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | |
| | Сабақ тақырыбы «Жедел бронхит» | Және т.б. | | | | | |
| Студент А | 100 | 90 | 90 | 85 | 95 | 90 | 550 |
| Студент Б | 90 | 90 | 70 | 80 | 85 | 85 | 500 |

*«білім» компетенциясы бойынша бағалау күнде жүргізіледі, бастапқы білім деңгейінің нәтижелерінен тұрады (тесттер, ауызша сұрау), студенттердің ағымды бағалары (мысалы, клиникалық талдау, лабораториялық жұмыстарды орындау, оқытушының тапсырмаларын орындау кезіндегі) және қорытынды білім деңгейі (тесттер, жазбаша тапсырмалар, есептер шешу және т.б.). Баға студентке «сабақ үшін» немесе «тақырып үшін» емес, кафедра тізіміне сәйкес бір нақты тапсырманы орындағаны үшін қойылады. Әр оқытушыда 100 балдық бағанаға сәйкес тапсырмаларды орындауда бағалау критерийлері болуы керек.

Оқушылардың білімін бағалау жүйесінде студенттердің бір жыл ішіндегі академиялық үлгірімінің маңызы зор, ол орташа балл (GPA) түрінде есептеледі, кредиттер және пән бойынша қорытынды бағаларының қосындысы мен ағымды оқу кезеңіндегі кредиттер қосындысына қатынасы түрінде есептеледі (санмен көрсетілген).

Оқушылар жіберу және/немесе қорытынды бақылау рейтингіне шағымдана алады. Осы мақсатта әр кафедрада және факультетте оқытушылардан тұратын апелляциялық комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің біліктілігі апелляция берілетін пән профиліне сәйкес келуі қажет.

2 бөлім «Тәжірибелік дағды»*

| Студенттің аты жөні | Күні/ 3.09 | 5.09 | Бағалар қосындысы R2 |
|------------------------|-------------------------------------|---|----------------------------|
| | Сабақ нөмірі/ 3 | 5 | |
| | Тыныс мүшелерінің аускультациясы | Спирография нәтижелерінің интерпретациясы | |
| Студент А | 50 | 60 | 110 |
| Студент Б | 60 | 60 | 120 |

* тәжірибелік дағдыны таңдау МЖМББС, кафедрада ұсынылатын пәннің типті және жұмыс бағдарламасына сәйкес болуы керек.

Кафедраның қарауына сәйкес және білім бағдарламаларының Комитетінің, Оқу департаментінің келісімімен әр модуль бойынша бағаланатын тәжірибелік дағдылар саны анықталады. Кейбір пәндер бойынша тәжірибелік дағдыларды бағалау мүмкін емес (жалпы оқытылатын пәндер), сондықтан студент пәннің аяқталуына қарай меңгеруі керек маңызды тәжірибелік дағдыларды анықтау қажет. Мысалы, жалпы оқытылатын пәндер үшін таңдалатын дағдылар саны аз болуы мүмкін, клиникалық пәндерге қарағанда. Барлық жағдайлар кафедра саясатында көрсетілуі керек (силлабус), онымен студент пән бойынша бірінші сабақта танысады.

| Студенттің жөні | аты | Күні | Күні | Бағалар қосындысы |
|--------------------|-----|---|----------------|----------------------|
| | | Дағды атауы «Тақырып бойынша қысқаша дағдымен таныстыру (3 мин)» | Эссе құрастыру | |
| Студент А | | 90 | 90 | 180 |
| Студент Б | | 85 | 85 | 170 |

Оқу–өндірістік тәжірибе

(пән бойынша типті бағдарламада қарастырылған болса)

Оқу-өндірістік тәжірибені (кейін «тәжірибе») өту кезіндегі студенттердің жетістіктері деңгейінің нәтижесі де студенттердің үлгіріс журналына тіркеледі, ал тапсырмаларды орындау бойынша бағалар қосындысы студенттердің жалпы рейтингінде ескеріледі. Яғни, студент бағаны «күнделікті сабаққа, сонымен қатар тәжірибеге қатысқаны үшін» емес, тәжірибелік дағдыларды меңгергені үшін алады. Осыған байланысты, студент күнде емес (егер пәннің немесе тәжірибенің ұзақтығы мүмкіндік берсе), нақты бір тапсырманы орындағаннан кейін бағаланады.

Өндірістік тәжірибені өту кезінде студент меңгеруі қажет тәжірибелік дағдылар тізімі Жұмыс бағдарламасы немесе тәжірибе күнделігінде көрсетіледі. Кафедрадағы тәжірибе жүргізілуіне жауапты дағдылар тізімінен болашақ маманның кәсіптік дайындығын анықтайтын және аса маңыздысын таңдауы қажет. Берілген тізім білім бағдарламалары Комитетімен келісіледі және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорымен бекітіледі.

Оқу журналына тәжірибе бойынша бағалау нәтижелерін енгізу басқа компетенцияларды тіркеуге сәйкес жүзеге асырылады.

3 бөлім «Коммуникативті дағдылар»

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ коммуникативті дағдылар пәнінің дамуымен, оқыту әдістерінің жетілуімен, компетентті-бейімделілген жолдың енгізілуімен, тәжірибелік және коммуникативті дағдылар Орталығының құрылуына байланысты оқушылардың коммуникативті компетенттілігін нақты бағалау қажеттігі туды.

Коммуникативті дағдылар кафедрасы студенттердің оқу деңгейіне сәйкес коммуникативті дағдыларын қабыптастыруды бақылауды бағалаудың арнайы жолы ойлап табылды. Жалпы алғанда, бұл үлгі «Бағалау парағы» деп аталады, ол жерде студент меңгеруі қажет дағдылар тізімі көрсетілген (мысал ретінде 1 қосымшаны көріңіз). Әр дағдыны орындағаны үшін белгілі балл беріледі, оның күрделілігіне сәйкес максимальды балл саны парақта 100ге тең. Мұндай парақтар кез келген кафедра оқытушыларымен қолданыла алады, студенттер де өзін өзі дайындау және өзін өзі бақылау үшін қолдана алады. Бағалау критерийлері ҚазҰМУ студенттерінің коммуникативті дағдыларын бағалау регламентінде көрсетіледі.

Осыған байланысты оқушылардың коммуникативті дағдыларының бағасын аралық бақылау модуліне қосып есептеуін ұсынамыз. Модульдің ұзақтығына, аралық бақылау санына, коммуникативті дағдыларды бағалау парақтарының қолданылуымен бірден бірнеше ретке дейін жүргізіледі. Төменде кестеде «Бағалау парағының» нәтижесіне сәйкес коммуникативті дағдыларды бағалауды рәсімдеу көрсетілген:

| | | |
|---------------------|---|-------------------|
| Студенттің аты жөні | 5.09 | Бағалар қосындысы |
| | 5 | |
| | Аралық бақылау жүргізілетін күн «бағалау парағы» бойынша коммуникативті дағдыларын бағалау | |
| Студент А | 70 | 70 |
| Студент Б | 90 | 90 |

Коммуникативті дағдылар тізімі кафедра саясатында көрсетіледі және пәннің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Клиникалық кафедраларда осы дағдыларды дамыту бойынша қалыптар клиникалық жағдайларға, науқастар курациясына т.с.с. қосуға болады.

4 бөлім «Құқықтық компетенция» (R4)

Кафедрамен білім бағдарламалары Комитеті және оқу Департаменті келісіміне сәйкес құқықтық компетенцияны қалыптастыруды бақылау шарттары анықталады, яғни бағалау формасы (ауызша, тесттер, тапсырмалар, есептер), бақылаулар саны (модуль аяқталуына қарай бір рет немесе жиі), студенттердің өзбетінше дайындалуына арналған сұрақтар тізімі. Студент бағасы тізімде көрсетілген нақты тапсырманы орындағаны үшін қойылады.

R4 – нақты тапсырмалар үшін бағалар қосындысы (қысқа модульдердің аяқталуына сәйкес кафедра шешімімен қорытынды тестілеу жүргізілетін болса, баға біреу болуы мүмкін).

Құқықтық компетенция қалыптасуын ағымды бақылау тәжірибелік сабақтарға тесттік тапсырмаларды шешу немесе жағдайлық есептерді шешу (жоғарғы курстарда) түрінде жүргізілуі мүмкін. Әр пән меңгерілетін пәнге тікелей қатысты құқықтық сұрақтар тізімін анықтайды. Пән немесе модуль бойынша бірінші сабақта оқытушы студенттерді құқықтық компетенциялар бойынша тест жүргізу туралы студенттерді ақпараттандырады, сұрақтар тізімімен қамтамасыз етеді, оқытушымен бірге студент сабақта, өзбетінше меңгеруі қажет әдебиеттер туралы кеңес береді. Тестілеу пән немесе модульдің соңғы сабағында жүргізіледі. Тестілеу немесе жағдайлық есептерді шешу бойынша бағасы оқу журналында белгіленеді және қорытынды бағаны шығару кезінде есептеледі (2 қосымша).

Құқықтық компетенцияны бағалауды жүргізу үшін тесттер немесе жағдайлық есептерді (тапсырмаларды) құрастыру қажет, оларда «Денсаулық адвокаты» компетенцияларын қалыптастыру сұрақтары көрсетіледі, яғни меңгерілетін пән бойынша профильді реттейтін техника қауіпсіздігі ережелері, негізгі құжаттардың мазмұны, нормативті құжаттар, этика және деонтология сұрақтары.

Мысалы, нақты нозологиялық бірліктің диагностикасы мен емі бойынша тапсырмалар. Емдеу сұрақтары бойынша науқас үшін емнің қауіпсіздігін бағалауға арналған тапсырмалар ұсынылады.

5 бөлім «Өзбетінше жетілу» (R5)

Пәннің типті және оқу бағдарламасына, силлабусқа сәйкес тақырыптар мен студенттердің өзіндік жұмысының (СӨЖ) формалары анықталады (1-ден 10-ға дейін, модуль ұзақтығына сәйкес одан да көп болуы мүмкін). Кафедра білім бағдарламасы Комитетімен және Оқу Департаменті отырысында талданғаннан кейін СӨЖ нәтижелерін

қорғау формасы анықталады (рефератты оқытушыға тексеруге беру, ауызша қорғау, берілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап, презентациямен таныстыру, ғылыми әдебиеттерді іздеу бойынша тапсырмаларды орындау және т.б.). СӨЖ әр түрінің 100 балдық бағанаға сәйкес құрастырылған бағалау критерийлері бар.

R 5 – СӨЖ бойынша нақты тапсырманы орындағаны үшін бағаларының қосындысы.

Жоғарғы деңгейде орындалған, оқытушылармен және курстастарымен оң бағаланған (жазбаша) немесе рецензияланған СӨЖ студенттің порфолиосын толтықтыра алады.

СӨЖ дайындалуына қойылатын талаптар **3 қосымшада**. СӨЖ орындалуына жаңа көзқарас ұсынылады. СӨЖ дәстүрлі түрлерін ғана орындау ғана емес, белсенді студенттерге арналған сол немесе басқа курстарда оқытылатын басқа кафедралардың тапсырмаларын біріктіретін пәнаралық ғылыми-зерттеу немесе аналитикалық жоба сияқты жұмыстар ұсынылады. Мысалы тілге байланысты сабақтар, базалық іргелі сабақтар (анатомия, гистология, физиология, биохимия және басқалары), клиникалық сабақтар (терапия, педиатрия, хирургия, акушерлік және гинекология).

Бұл үшін аралас кафедраларға пәнаралық ғылыми-зерттеу немесе аналитикалық жобаларды фронтальды (бір курста), сонымен қатар сызықтық деңгейде (1-ші курстан 3-ші курс бойынша, 3-ші курстан 5-ші курс бойынша т.б.).

Кафедралар (пәндер) өздері осындай жобаларды жасауға ықпал етуі керек, оларды ББК және пәндер бойынша ОД талдауға ұсынуы қажет.

ҚазҰМУ студенттерінің негізгі компетенцияларын қалыптастыруды ағымды бағалау нәтижелері

Қорытынды шығарарда пән бойынша барлық 5 негізгі компетенция нәтижелері қосылады және тізімде көрсетілгендердің ішінен орындалған тапсырмалар санына бөлінеді – N.

$$(R1 + R2 + R3 + R4 + R5) | N = R$$

Мысалы, студент 5 күн оқитын болса.

ББК келісімі бойынша кафедра пәнге сәйкес келесілері қарастырылған:

- «білім» компетенциясын қалыптастыру бойынша тапсырма - 5, яғни бағалау күнделікті жүргізіледі;
- тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмалар – 3;
- коммуникативтік компетенцияларын қалыптастыру бойынша тапсырмалар – 1, яғни аралық бақылау кезінде бағаланады;
- құқықтық компетенцияларын бағалау тест түрінде 1 рет жүргізіледі;
- студент 2 СӨЖ орындайды және екі баға қойылады.

Осыған байланысты, барлық орындалған тапсырмалар саны – $5+3+1+1+2 = 12$. Барлық компетенциялары бойынша бағалар қосындысы 12-ге бөлінеді. Орташа мәні алынады және емтиханға жіберіледі (**R**)

$$(R1 + R2 + R3 + R4 + R5) | 12 = R$$

Студент оқытушыдан әр негізгі компетенцияға сәйкес оқытушыдан бағасы туралы ақпарат алуы керек. Студенттердің компетенттілігін бағалаудың осы жүйесі университетте жақсы оқуы үшін стимул болып табылады, ал оқытушылар үшін әр пән бойынша негізгі компетенцияларының қалыптасуына бақылау жүргізуге және ҚазҰМУ

медициналық білім үлгісіне сәйкес студенттердің оқудағы және жеке жетістіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ескерту: дәрісте оқылған оқу материалдары тәжірибелік сабақ үстінде талданады. Егер студент дәрістерді жіберген болса, кафедраның қарауы бойынша «салық» балдары енгізілуі мүмкін (мысалы, әр жіберген дәрісі үшін 0,5 балл алынып тасталады), бұл міндетті түрде кафедраның саясатында қарастырылуы қажет. «Салық» балдары студент сабаққа үнемі кешігетін жағдайда да, кафедра саясатының негізгі принциптерін сақтамаған жағдайда да енгізілуі мүмкін. Бұл барлық талаптар мен ұсыныстар нақтылануы, толық қарастырылуы қажет және «кафедра саясатына» студенттің компетенциясын бағалау әдістері мен мерзімі бөлімінде көсетіледі. «Салық» балдары пән бойынша орташа балдан алынып тасталады – **R**. Бұл мәліметтер студенттерді емтиханға жіберу және факультет деканатына тапсырылатын студенттердің емтиханға жіберілуі туралы баянатты талдау кафедра отырысында қарастырылуы керек.

6.2 Студенттердің компетенцияларын қорытынды бағалау бойынша нұсқаулықтар

6.2.1 «Білім» компетенциясының қалыптасуын қорытынды бағалау

Ауызша, жазбаша сұрау және студенттерді тестілеу әдістері бойынша нақты модульді оқуды аяқтаған кезде жүргізілетін аралық бақылау кезінде, сонымен қатар жалпы пәннің аяқталуы кезінде емтихан, қорытынды аттестация түрінде жүргізіледі. Ауызша, жазбаша сұрау және студенттерді тестілеу әдістері бойынша нақты модульді оқуды аяқтаған кезде жүргізілетін аралық бақылау кезінде, сонымен қатар жалпы пәннің аяқталуы кезінде емтихан, қорытынды аттестация түрінде жүргізіледі.

Оқушылардың білімін бағалауды есептеу құралы ретінде *бағалау бағанасы* қолданылады. Бағалау бағанасы балдық-рейтингтік-әріптік жүйеге негізделген. Балдық-рейтингтік-әріптік жүйе он бір балдық бағана бойынша құрастырылған, ол баллдардың сандық эквиваленті сәйкес келетін әріптік жүйеден, бағалардың пайыздық құрамы мен дәстүрлі бағалардан тұрады.

Әріптік жүйе бағалары біліміне сәйкес ағылшын алфавитінің А әрпінен (ең жоғарғы баға) бастап С әрпіне (ең нашар баға) дейін тұрады. Баллдардың сандық эквиваленті араб сандары ондық жүйе бойынша 4,0 ден 1,0 ге дейін жақсы бағалар және 0 – қанағаттанарлықсыз баға.

Бағалардың пайыздық құрамы пайызбен анықталады. 50% дан 100%ға дейінгі жақсы бағалар, қанағаттанарлықсыз баға - 0 ден 49%ға дейін. Бағалардың дәстүрлі бағанасы төрт балдық бағанада «үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» бағаларынан тұрады.

Негізгі және профильді пәндер бойынша «білім» компетенциясының қалыптасу деңгейінің динамикасын сынақ кітапшасы арқылы байқауға болады, яғни оқу пәндері бойынша рейтингі анықталады. 1 кестеде «білім» компетенциясын бағалауға ұсынылатын әдістер мен құралдар келтірілген.

1 кесте. Бағалау әдістері мен құралдары

| Ұсынылатын бағалау әдістері | Бағалау құралдары |
|---|---|
| 1-6 курстары | |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Ауызша сұрау ▪ Жазбаша сұрау ▪ Жағдайлық есептерді шешу ▪ Тесттік тапсырмаларды шешу | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Сұрақтар ▪ Бағдарламалық бақылау ▪ Жағдайлық есеп ▪ Тесттік тапсырма |

| | |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Көрнекі материалдарымен жұмыс ▪ Кәсіптік терминологияны білу | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Көрнекі материалдары ▪ Глоссарий құрастыру, терминдер сөздігі |
|---|--|

6.2.2 «Тәжірибелік дағдылар» компетенциясын қалыптастыруды қорытынды бағалау

МЖБББС (ГОСО), типті және жұмыс бағдарламалары талаптарына, клиникалық пәндерден тәжірибелік дағдыларын игеру дәрежелеріне сәйкес тек тәжірибелік сабақтарда ғана емес, сонымен қатар емтихан кезінде (қорытынды аттестацияда) бағаланады.

Барлық пән бойынша емтихан 1-ші курстан бастап 2 сатыда жүргізіледі – тестілеу және 100-балдық бағана бойынша тәжірибелік дағдыларын қабылдау.

Тәжірибелік дағдылар қалыптасуының қорытынды бағасын 1 және 2 курстарда студенттер сабақ өтетін кафедраларда жүргізген дұрыс. 3-ші курстан бастап бағалау кафедрала да (мысалы, анатомия, гистология), сонымен қатар ҚазҰМУ тәжірибелік дағдылар Орталығында (мысалы, балалар аурулары пропедевтикасы кафедрасы) кафедра қызметкерлерімен алдын ала жасалынған жоспар бойынша жүргізіледі (хаттамалар, схемалар). Жоғарғы курстарда клиникалық емтихан ОҚКЕ түрінде жүргізіледі. ҚазҰМУ Тәжірибелік дағдылар Орталығымен алдын ала келіскен жағдайда клиникалық кафедралар емтиханның осы сатысын Орталықта жүргізе алады.

Тәжірибелік дағдылар бойынша емтихан қабылдау келесі түрде жүргізіле алады:

- жалпы пәндер бойынша әңгімелесу (ауызша емтихан);
- негізгі және профильді пәндер бойынша тәжірибелік дағдыларын көрсету.

Емтихан ведомостарында кафедралық емтиханға жіберу бағасымен бірге тәжірибелік дағдылары бойынша тестілеу нәтижесі (соның ішінде коммуникативті) жазылады.

Пән бойынша қорытынды нәтиже келесі түрде жүргізіледі:

- Кафедралық бағаның нәтижесі $\times 0,6$ (мысалы, $90 \times 0,6 = 54$)
 - Тестілеу бағасы $\times 0,2$ (мысалы, $80 \times 0,2 = 16$)
 - Тәжірибелік дағдыларды меңгеру бойынша $\times 0,2$ (мысалы, $85 \times 0,2 = 17$)
- Алынған мәліметтер қосындысы шығарылады $=54+16+17$, яғни 100 балдан 87 балл.

Осыған байланысты, кафедра бағасының (орташа) нәтижесі пән бойынша қорытынды бағаның 60% құрайды, оның 40% білімін (тестілеу) және бірдей қатынаста (1:1) дағдыларын (тәжірибелік және коммуникативті) бағалауды құрайды.

Пәндер бойынша тәжірибелік дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау үшін кафедраларға ұсынылады:

- дағдыларын қалыптастыру үшін қажетті шаралар санын көрсете отырып, тәжірибелік дағдылар тізімін, бағалауды жүргізу әдістері мен мерзімін құрастыру. Бұл ақпаратты кафедра саясатына қосу (силлабус);
- құрастырылған тізімді ББК және пәндерге сәйкес ОД келісу;
- тәжірибелік дағдыларды қорытынды бағалауды жүргізу орнын уақытылы анықтау (кафедра, тәжірибелік дағдылар Орталығы);
- студенттерге пәнді оқу барысында олардың меңгеруі қажет тәжірибелік дағдылар тізімі және модуль немесе сабақ бойынша оқу кезеңінде, сонымен қатар соңында

емтихан кезінде олардың тапсыруы қажет тәжірибелік дағдылар туралы ақпараттандыру;

- 100 балдық жүйе бойынша компетенцияларын бағалау критерийлерін ойлап табу. Мысалы, «тыныс мүшелерінің аускультациясы» дағдысы 5-пункттен тұрады, әр пункт әртүрлі балл бойынша бағаланады (үш деңгейлі бағана бойынша – төменгі, орташа, жоғарғы деңгей), бірақ барлығын қосқанда бұл дағды бағасы 100 балды құрауы мүмкін. Егер емтихан тапсыру кезінде кафедра шешімімен 3 немесе одан көп тәжірибелік дағды бағаланатын болса, онда емтихан соңында барлығы бойынша орташа балы анықталады. Мысалы, (90+85+60): 3 = 78,3.
- тәжірибелік дағдыларды қабылдау бойынша емтихан бағдарламасы әр пәнге сәйкес рәсімделуі керек, ББК келісіледі және ОӘЖ жөніндегі проректормен бекітіледі;
- студенттерді тәжірибелік дағдылары қалыптасуына оң ықпал ету үшін қажетті жағдайлармен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- Тәжірибелік дағдылар Орталығында бағаланған компетенциялар деңгейін бақылау студенттердің компетенциялар төлқұжатында бейнеленеді.

Кестеде бағаланатын дағдылар мен бағалау құралдары тізімінің мысалы келтірілген.

| Бағаланатын дағдылар тізімі | Бағалау құралдары |
|--|--|
| 1 курс | |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Көрсетілген көрсеткіштер бойынша ерітінді дайындау; ▪ Ғылыми, медициналық терминологияларды қолдану дағдысымен таныстыру; ▪ Персональды компьютермен және қарапайым ақпараттық бағдарламалармен жұмыс істей алу дағдысын көрсету; ▪ Мәйітте немесе фантомда мүшелер, қантамырлары мен жүйкелердің проекциясын және орналасатын орнын көрсету; ▪ Лабораториялық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысы; ▪ Науқастың артериялық қысымын өлшеу және пульсін есептеу дағдысын көрсету; ▪ Тыныс жиілігі мен жүректің жиырылу жиілігін есептеуді жүргізу; ▪ Бұлшықет ішіне инъекция қою дағдысын көрсету; ▪ Стандартты немесе шынайы науқасты біріншілік қарау дағдысы; ▪ Науқас күтімі және біріншілік медициналық көмек көрсету. | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Лабораториялық тапсырмалар; ▪ Баяндама (спич, хабарлама және т.б.); ▪ ПК жұмыс істеуге арналған тапсырмалар тізімі (мәтін теру, кесте құрастыру және т.б.); ▪ Жағдайлық есептер; ▪ Лабораториялық құрылғыларды қолдану бойынша есептер; ▪ Фантом, стандартты науқас; ▪ Фантом, стандартты науқас; ▪ Жағдайлық есеп; ▪ Милық-штурм әдісі, перфоманс-тест. |
| 2 курс | |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Макро – және – микро препараттармен жұмыс істеу дағдысы; ▪ Адамда мүшелер, қантамырлары, жүйкелердің анатомиялық орналасуы мен проекциясын анықтай алу; ▪ Микропрепараттардағы тіндердегі өзгерістерді анықтай алу, адам мүшелері | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Лабораториялық тапсырмалар; ▪ Жағдайлық есептер; ▪ Микроскоп, микропрепарат, хаттама; |

| | |
|--|--|
| <p>мен тіндеріндегі ауытқулардың пайда болуын түсіндіру;</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Хирургиялық аспаптарды атау; ▪ Хирургиялық аспаптарды стерильдеу әдістерін атау; ▪ Өсімдік бөліктерінен «сығынды» алуигерімі; ▪ Дәрілік препараттар жіктеуін және олардың адам ағзасына әсерін атау. | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Фотосуреттер, суреттер, хирургиялық аспаптар; ▪ Өсімдік, дағдыны бағалау хаттамасы; ▪ Тапсырмалар тізімі, тесттер. |
| 3 курс | |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Макро – және – микро препараттармен жұмыс істеу дағдысының жетілуін көрсету; ▪ Фантом немесе мәйітте мүшелер, қантамырлары мен жүйкелердің анатомиялық орналасуы және проекциясын анықтау; ▪ Микропрепараттар тініндегі өзгерістерді анықтау; ▪ Пато және морфогенез тұрғысында адам мүшелері мен тіндерінде пайда болған ауытқуларды түсіндіру; ▪ Науқаспен әңгімелесу, шағымдарын және анамнез жинау дағдыларын көрсету; ▪ Науқастың академиялық ауру тарихын толтыру; ▪ Болжам диагнозды негіздеу және оны жіктелуге сәйкес қою дағдысын көрсету; ▪ Науқасты зерттеу және емдеу жоспарын құрастыру; ▪ Дәрілік препараттарға рецепт жазу; ▪ Дәрілік препараттарды жасаудың биотехнологиялық кезеңінің сатыларын білетіндігін көрсету. | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Лабораториялық тапсырмалар; ▪ Жағдайлық есептер; ▪ Лабораториялық тапсырмалар; ▪ Ауызша сұрау; ▪ Жағдайлық есептер; ▪ Академиялық ауру тарихтары; ▪ Рецепт жазуға арналған бланк; ▪ Тәжірибелік дағдыларын бағалау хаттамасы. |

6.2.3 «Коммуникативті дағдылар» компетенциясының қалыптасуын қорытынды бағалау

«Коммуникативті дағдылар» пәні МЖМББС-2006 сәйкес 1 және 2 курс студенттеріне оқытылады, курс аяқталған кезде дифференциялық сынақ қойылады. Бірақ, осы компетенцияның дамуы және одан әрі жетілуі ЖОО оқу кезеңінің барлық ағымында курстан курсқа өткен сайын жүргізіледі. Бұл пән бойынша коммуникативті дағдыларды дамытудың, оған үнемі бақылау жүргізудің қажеттілігін негіздейді, сонымен қатар осы компетенцияны студент-дәрігерлерде қалыптасуын сапалы бағалау жүйесін енгізу.

Кафедралардың ұсынысы бойынша коммуникативті дағдылар кафедрасы және ББК келісімімен Оқу Департаменттері әмбебап және арнайы (пәнге сәйкес) коммуникативті дағдылар тізімін анықтайды, сонымен қатар оны бағалау критерийлерін.

Дағдыны меңгерудің *ағымды деңгейі* «Бағалау парағына» сәйкес тәжірибелік сабақ кезінде жүзеге асырылады (1 қосымша) және үлгірім журналына тіркеледі (б.ны қараңыз).

Коммуникативті дағдыларды меңгерудің *қорытынды деңгейі* модуль аяқталуына жақын «Бағалау парағының» көмегімен жүзеге асырылады, сонымен қатар маңызды сұрақтар тәжірибелік дағдыларды қабылдау емтиханының сұрақтарына қосылады. Мысалы, жалпы және базалық пәндер бойынша оқыту аяқталғаннан кейін бағалау парағының көмегімен соңғы сабақта жүргізуге болады. Берілген әдістеме ББК және ОД міндетті түрде келісілуі қажет және ОӘЖ жөніндегі проректормен рапорты түрінде бекітіледі.

Клиникалық кафедраларда осы компетенция маңыздылығының деңгейін анықтауды тәжірибелік дағдыларды бағалау емтиханының (ОҚКЕ) сұрақтары тізіміне қосу ұсынылады. Мысалы, «тыныс мүшелерінің аускультациясы» дағдысы бағаланады. Дағдыны бағалау критерийіне «Науқаспен сенімді қатынас орнату игерімі» пунктін (қадамын) қосуға болады.

Студенттерде осы компетенцияның қалыптасу деңгейін бақылау уақытылы түзету шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Нақты бір пән бойынша коммуникативті компетенция деңгейін анықтау үшін кафедраларға ұсынылады:

- пән бойынша коммуникативті дағдылар тізімін жасау және кафедра саясатына (силлабус) енгізу;
- құрастырылған тізімді пән бойынша ББК және ОД келісу;
- студенттерді осы пәнді оқу кезінде олардың меңгеруі және модуль немесе пәнді оқу кезеңдерінде тапсыруы қажет, сонымен қатар оқыту аяқталғаннан кейін емтихан ретінде тапсыратын коммуникативті дағдылар мен тәжірибелік дағдылары туралы ақпараттандыруы қажет;
- компетенция қалыптасу деңгейін бағалау критерийлерін құрастыру 100 балдық жүйе бойынша жетістіктерін көрсете отырып – төмен, орташа, жоғары;
- коммуникативті дағдылары қалыптасуына оң ықпал ету үшін студенттерді қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету.

| Бағаланатын дағдылар тізімінің мысалы | Бағалау ұралдары |
|--|---|
| Әмбебап коммуникациялар | |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Оқытушылармен, курстастарымен өзара қатынастың негізгі үлгілерін игеру; ▪ Ұжымда өзара тиімді және қайшылықсыз қатынас үшін коммуникативті компетенцияларын жетілдіру; ▪ Қоғамдық-саяси өмірдің әртүрлілігіне студенттердің толерантты және гуманитарлы-бейімделген қатынасы; ▪ Әлеуметтік, ұлттық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдауы; ▪ Ұжым алдында сөйлеуді меңгеру, этикалық аргументтеу, дискуссия жүргізу дағдылары; ▪ Логикалық ойлау қабілеті, дүниетанымы және методологиялық философия мәселелері бойынша дискуссияға түсу дағдысы; ▪ Қайшылықтарды шешу, конструктивті әлеуметтік тәртібі дағдылары; ▪ Креативті, критикалық, клиникалық ойлау қабілетін көрсету; ▪ Топта жұмыс істей алу дағдысы; | <p><i>Ағымды бақылау</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Анкета жүргізу ▪ Әңгімелесу ▪ Кіші топтарда жұмыс ▪ Топтық үлгілер ▪ Жағдайлық есептерді шешу ▪ Курация ▪ Өзін өзі бағалау ▪ Психодиагностикалық тестілеу және басқалары. <p><i>Қорытынды бақылау</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Емтихан, ОҚКЕ |

| | |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Психометриялық интеллект және басқалары | |
| Арнайы коммуникациялар | |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Тәжірибелік қызметінде этика және деонтологияны қолдану; ▪ Кәсіптік, интеллектуалды, өзін өзі ұстау дағдыларын жетілдіру; ▪ «Науқас-дәрігер», «дәрігер-дәрігер», «дәрігер-медбике», «дәрігер-бөлімше меңгерушісі» рөлдік ойындарын жүргізу жолдарымен коммуникативті дағдыларын қалыптастыру; ▪ «Дәрігер-науқас» қатынасының негізгі үлгілерін меңгеру; ▪ Науқаспен сенімді қатынас орната білу игерімі; ▪ Науқаспен, оның туысқандарымен және әріптестерімен қатынаста вербальды емес және вербальды қатынас құралдарын дұрыс қолдана білу; ▪ «Қиын» науқастармен қатынастың негізгі үлгілерін меңгеру; ▪ Медициналық ұжым – дәрігер, орташа және кіші медициналық персоналдармен қатынастың негізгі үлгілерін меңгеру; ▪ Ургентті жағдайларда науқаспен қатынастың негізгі үлгілерін меңгеру; ▪ Емделмейтін, өлейін деп жатқан науқастармен және олардың жанұя мүшелерімен қатынастың негізгі үлгілерін меңгеру; ▪ Науқастармен сезімдік тақырыптарына (дін, жыныстық қатынас, контрацепция) қатысты әңгімелесу кезінде қатынастың негізгі үлгілерін меңгеру; ▪ Этика және психология сұрақтары бойынша кеңес беру дағдылары. | <p><i>Ағымды бақылау</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Анкета жүргізу ▪ Әңгімелесу ▪ Кіші топтарда жұмыс ▪ Ұжымдық үлгілеу ▪ Жағдайлық есептер шешу ▪ Науқас курациясы ▪ Өзін өзі бақылау ▪ Психодиагностикалық тестілеу және басқалары <p><i>Қорытынды бақылау</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Емтихан, ОҚКЕ |

6.2.4 «Денсаулық адвокаты» компетенциясының қалыптасуын бағалау

ҚазҰМУ студенттерінің құқықтық компетенциясын бағалаудың мәселелі жолы тестілеу болып табылады.

Студенттердің негізгі жетістіктерін анықтаудың алғашқы кезеңдерінде «Денсаулық адвокаты» түсінігіне бірінші кезекте науқастың құқығын қорғаудағы білімі мен дағдылары, нормативті құжаттармен кәсіптік жұмысын анықтайтын білімі жатқызылды. Қазіргі кезде бұл компетенцияның мағынасы кеңейтілді және әлеуметтік-құқықтық компетенттік ретінде оның нақты анықтамасы анықталды, ол қоғамдық институттармен және адамдармен өзара қатынас саласындағы білімі мен дағдыларынан, кәсіптік қатынас және өзін өзі ұстау игерімдерін меңгеруден тұрады. Осыған байланысты, бұл компетенция қоғамның құқықтық құндылықтарына негізделген, сонымен қатар, құқықтық белсенділік, жауапкершілік, коммуникативтілік және толеранттылық сияқты кәсіптік маңызды қасиеттерін көрсете отырып, берілген тұлғаның кез келген жастағы науқастарға қатысты әлеуметтік құқықтық қорғау қызметтерін жүзеге асырудағы құқықтық білімі мен игерімдер жүйесін қолдануға дайындығы мен мүмкіндігін көрсететін тұлғаның интегралды қасиеттері.

Компетенттіліктің қорытынды деңгейін бағалауды 2-түрде жүргізу ұсынылады:

1 нұсқа. Тестілеу Орталығында. Әр пән, сонымен қатар элективтер оқытылатын пәнге сәйкес құқықтық тақырыптардағы сұрақтарды құрастырады. Мысалы, биофизика кафедрасы құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері бойынша тесттер құрастырады т.с.с.

Тесттік тапсырмалар тест дайындау талаптарына сәйкес реттеледі, рецензияланады және тест орталығына (ТО) өткізіледі. ТО тесттерді тапсыру анықтамасында «Денсаулық адвокаты» компетенциясын бағалау үшін дайындалған тест сұрақтарының саны көрсетілуі қажет.

Оқытылып жатқан пән бойынша емтихан жүргізу кезінде, студентке өзбетінше меңгеруі үшін «құқықтық тесттер» ұсынылады. Емтихан тесттері бойынша қорытынды баға да құқықтық сұрақтарға жауап беру нәтижелерінен тұрады. Кафедра түзету шараларын жоспарлау үшін «Денсаулық адвокаты» компетенциясы бойынша тестілеу нәтижелерін талдау мүмкіндігіне ие болады.

Пән бойынша емтихан тесттеріндегі құқықтық сұрақтардың пайыздық құрамы курсына сәйкес төмендегі кестеде көрсетілген.

| Бағаланатын дағдылар тізімінің мысалы | Бағалау құралдары |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Қауіпсіздік техникасын қолдану дағдылары; ▪ ҚР негізгі Заңдары туралы білімі; ▪ ҚД денсаулық Кодексі; ▪ Нақты пән бойынша нормативті құжаттар бойынша білімі; ▪ Зерттеу жүргізуде науқастың ақпараттық келісімі туралы білімі; ▪ Дәрігерлік құпия; ▪ Дәрігерлік қателік; ▪ Емдеу-алдын алу жұмыстарын реттейтін ҚР ДСМ бұйрықтары; ▪ Және басқалары | <p>Студенттерге арналған емтихан тесттеріне курсына сәйкес пән бойынша «құқықтық» сұрақтардың белгілі бір пайызын қосу ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1 және 2 курс үшін барлық тест көлемінің 3 %* дейін • 3 және 4 курс үшін 5 % • 5 және 6 курс үшін 10 % • 7 курста – клиникалық есептерді шешу түрінде. |

* мысалы, 4 курс студенттеріне «Балалар аурулары» пәні бойынша емтихан тесттерінің жалпы санынан (3000) 150 тесттік тапсырма құқықтық сұрақтардан тұруы қажет.

Мысалы, студент емтиханда пәнге сәйкес 50 профильді тест орнына 55 тестке, оның ішінде құқықтық компетенция бойынша 5 сұраққа жауап береді.

2 нұсқа. Құқықтық сұрақтарды тәжірибелік дағдыларды қабылдаудың бір сатысы ретінде емтиханға қосуға болады (коммуникативті дағдылармен бірге).

Мысалы, терапиялық профиль кафедрасында «ауру тарихтарының экспертизасы» дағдысын бағалауда науқасты емдеу қауіпсіздігін бағалау бойынша студенттің дағдысы мен игерімдерін көрсетуі мүмкін. Анатомия кафедрасында студент тәжірибелік дағдыларды «кеуде қуысында орналасатын мүшелердің латын тілінде атауын көрсетіңіз, атаңыз және оларды көрсетіңіз» бағалау кезінде, мәйіт материалдарымен жұмыс істеудегі құқықтық білім деңгейін көрсете алады. Жұқпалы аурулар кафедрасында «науқаста менингеальды симптомдарды анықтаңыз» тәжірибелік дағдысын бағалау кезінде құқықтық «қадам» ҚР ДСМ бұйрықтары және басқа құжаттардан т.б. тапсырмалар тізіміне сәйкес сұрақтардан тұруы мүмкін.

2-ші бағалау нұсқасын қолдану кезінде студент **4 негізгі компетенцияларының қалыптасуын компетентаралық интегрирленген бағалауы жүргізіледі** – білім, тәжірибелік, коммуникативті және құқықтық дағдылар. Бағалау деңгейін ескере отырып, осы нұсқа 4-ші курстан бастап жоғарғы курстарға тиімді болып келеді, әсіресе интернатура үшін.

6.2.5 «Өзбетінше жетілу» компетенциясының қалыптасуын бағалау

«Өзбетінше жетілу» – үнемі кәсіптік өсуге және біліктілігін жоғарылатуға ұмтылу мүмкіндігі – студенттің оқудағы жетістіктерінің жиынтығын көрсететін құжаттар кешенімен немесе «портфолиомен» бағаланады. Студент портфолиосы студент бірінші курсқа түскен күннен бастап арналуы қажет. Ұсынылған құжаттарға толтырылатын мәліметтердің негізінде семестрдің (курстың) соңында әр студентке компетенттіліктерінің дамуы туралы кесте толтырылады. Портфолио туралы ақпаратты, толтыру ережелерін, портфолионы бағалау критерийлерін **4 қосымшадан қараңыз.**

7. ҚазҰМУ студенттерінің компетенцияларын бағалауды жүргізу үшін қажет оқу-материалдық активтер

ҚазҰМУ студенттердің негізгі компетенцияларын қалыптастыру деңгейін бағалау жүйесін жүзеге асыру үшін тиімді оқу-материалдық база ұйымдастырды:

1. Оқу-әдістемелік жұмыс Департаменті;
2. IT-технология Департаменті;
3. БСЗБ және МБҒТН Орталығы;
4. Тестілеу орталығы;
5. Тәжірибелік дағдылар орталығы;
6. Коммуникативті дағдылар орталығы;
7. «Денсаулық адвокаты» Мектебі;
8. Интернет-кластар;
9. Электронды кітапхана, университеттің кітапхана қоры;
10. Кафедралардың материалды-техникалық және оқу-әдістемелік қамсыздандырылуы.

Коммуникативті компетенцияларын бағалау

Бағалау парағы

Мамандығы «Жалпы медицина», 1 курс

Студенттің аты-жөні _____ топ № _____

Күні _____

| | Дағды | Студент балы | балы | | |
|-----|--|--------------|-------------|-----------------|-----------------|
| | | | Дағдысы жоқ | Орташа деңгейлі | Жоғары деңгейлі |
| 1. | Өзін-өзі таныстыру дағдысы | | 0 | 3 | 6 |
| 2. | Эмпатия | | 0 | 3 | 6 |
| 3. | Достық қатынасын вербальды емес деңгейде көрсету, ашық қатынас | | 0 | 3 | 6 |
| 4. | Ашық сұрақтар, әріптесін әңгімелесуге шақыру | | 0 | 3 | 6 |
| 5. | Әңгімелесу қарқынын сақтау | | 0 | 3 | 6 |
| 6. | Аса назармен қабылдау | | 0 | 3 | 6 |
| 7. | Вербальды емес қатынас құралдарын қолдану және ашу | | 0 | 3 | 6 |
| 8. | Белсенді қатынас хабарын беру (басын изеу, «қайтасұрастыру» техникасы және т.б.); | | 0 | 3 | 6 |
| 9. | Бақылау қабілеті | | 0 | 3,5 | 7 |
| 10. | Саналы түрде қабылдау | | 0 | 3,5 | 7 |
| 11. | Әріптесі (науқас) ретінде мәселені сезіне білу қабілеті | | 0 | 3,5 | 7 |
| 12. | Көндіре алу дағдысы | | 0 | 3,5 | 7 |
| 13. | Сәйкес ескертулерді қолдану, мысалы «бұл Сіз үшін қиын болуы мүмкін», «өтінемін, жалғастырыңыз», «бұл қызық естіледі», «мен көріп отырмын» және «мен түсініп отырмын» | | 0 | 4 | 8 |
| 14. | Қажетті хабарламаларды беру және алу туралы науқастармен, қызметкерлермен, әріптестерімен тиімді қатынас құру | | 0 | 4 | 8 |
| 15. | Арнайы (кәсіптік) терминдерді, түсініктерді (мысалы, әріптестерімен, әртүрлі сала дәрігерлерімен, медбикелермен медицинаға қатысы жоқ адамдармен қатынас кезінде) түсіндіру; | | 0 | 4 | 8 |
| | Барлығы: | | 0 | 50 | 100 |

Оқытушының аты-жөні, қолы (емтихан қабылдаушының)

Студенттердің негізгі компетенцияларының қалыптасуын бағалау ұсыныстарын ескере отырып, оқу журналын рәсімдеу үлгісі

Ескерту: модуль ұзақтығы 6 күн (апта)

Модуль аты 1 «.....»

Тәжірибелік дағдыларын

Коммун. дағдыларын

Құқықтық компент.

| Студенттің аты-жөні | Білімін бағалау | | | | | | Тәжірибелік дағдыларын бағалау | | | | Коммун. дағдыларын бағалау | | | Құқықтық компент. бағалау | | |
|---------------------|------------------|----|----|----|-----|----|--------------------------------|-----------------------|--------------|----|----------------------------|-----------------------|----------------------|---------------------------|---|-----------------------|
| | Күні/1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | Аралық бақылау | Бағасы R ₁ | 2 | 4 | 6 | Бағасы R ₂ | Коммуникативті дағды | Бағасы R ₃ | ҚР Заңдары мен нормативті құжаттар бойынша тастық | Бағасы R ₄ |
| | 1 сабақ | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | | | 2 | 4 | 6 | | | | | |
| | Сабақ тақырыбы а | б | в | г | д | е | | | Дағдының аты | Б | В | | | | | |
| Студент А | 90 | 87 | 88 | 92 | 100 | 95 | 90 | | 70 | 75 | 80 | | 90 | | 70 | |
| Студент Б | 80 | 80 | 76 | 78 | 80 | 80 | 80 | | 70 | 70 | 70 | | 80 | | 65 | |
| Студент В | 78 | 67 | 70 | 72 | 70 | 70 | 72 | | 60 | 65 | 70 | | 80 | | 50 | |

р₁ 1 модуль тақырыбы бойынша СӨЖ орындау

| Студент аты-жөні | Күні/1 | 2 | 3 | Бағасы R ₅ |
|------------------|--------------|-----|-----|-----------------------|
| | 1 сабақ | 2 | 3 | |
| | СӨЖ тақырыбы | СӨЖ | СӨЖ | |
| Студент А | 90 | 87 | 88 | |
| Студент Б | 80 | 80 | 76 | |
| Студент В | 78 | 67 | 70 | |

Орташа мағынасы және емтиханға жіберу бағасы (R)

$$(R_1 + R_2 + R_3 + R_4 + R_5) / N = R$$

N – тізімге сәйкес студент орындаған тапсырмалар саны

Берілген мысалда студенттермен орындалған тапсырмалар саны – 16.

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) орындауды бағалау және рәсімдеуге қойылатын талаптар

СӨЖ мақсаты. Бакалавр/студенттердің өзіндік жұмысы өз мүмкіндіктерін талдауға, жиналған тәжірибелерін қайта бағалауға және қазіргі ақпараттық және оқу технологияларын қолдана отырып, жаңа білім меңгеруге бағытталған.

Барлық оқу және зерттеу жұмыстары сынақ болып табылады және оларға құрамына, рәсімделуіне қарай белгілі бір талаптар қойылады.

Негізгі өзекті фактор – студентті өзбетінше кәсіптік жұмыс жасауға дайындау және кәсіптік өсуі және карьера үшін база құру.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының түрлерінің аясы өте кең және пәннің оқу-әдістемелік кешенімен анықталады:

- реферат,
- баяндама,

- электронды түрде презентация,
- бақылау жұмыстары,
- курстық жұмыстар,
- тест, кесте, алгоритм, логикалық құрылымдар құрастыру және т.б.,
- бітіруші біліктілік жұмыстары,
- жеке үй тапсырмалары.

Кәсіптік және жалпы мәдени компетенцияларының қалыптасуынан тұратын білім бағдарламаларының нәтижелеріне сүйене отырып, әр пәнге сәйкес іргелі тапсырмалар мен арнайы есептердің таңдауын жасау қажет, осы материалдар шеңберінен өзбетінше айналысуға арналған тапсырмалар мен мәселелерді анықтау керек.

Студентке сол немесе басқа өзбетінше жасауға арналған тапсырманы орындауды ұсыну үшін келесі талаптарды анықтап алу қажет:

- СӨЖ тақырыбын анықтау
- СӨЖ мақсаты
- СӨЖ міндеттері
- СӨЖ орындау әдістері
- СӨЖ орындалу сатылары
- Студенттер ішінен орындаушыларды
- ПОҚ ішінен жетекшілер/консультанттарды
- Әдебиеттер тізімін көрсету
- Рәсімдеуге қойылатын талаптар

СӨЖ орындалуы мен бағалауға қатысты жағымсыз қатынастарды аластату үшін 1 курстан бастап бакалавр/студенттерге СӨЖ тек дәстүрлі түрлерін ғана емес, сонымен қатар, белсенді студенттерге сол немесе басқа курстарда оқытылатын аралас пәндердің міндеттерін біріктіретін пәнаралық ғылыми-зерттеу немесе аналитикалық жобаларды орындау ұсынылады.

Мысалы, тілге қатысты пәндер, базалық іргелі сабақтар (анатомия, гистология, физиология, биохимия және басқалары), клиникалық пәндер (терапия, педиатрия, хирургия, акушерлік және гинекология).

Курсына сәйкес ҚазҰМУ студенттеріне арналған СӨЖ тізімінің мысалы және 100-балдық бағана бойынша бағалау

| Курс | СӨЖ типі | Бақылау түрі | СӨЖ орындалуын бағалау |
|---------------|---|---|--|
| 1 курс | - мысалы, «Анатомия» және «Молекулярлы биология» бойынша бір реферат беру: «Адамның сүйек жүйесінің дамуында ауытқулар туындауының генетикалық негізі» Немесе «Молекулярлы | Студенттер конференциясында жобаларды ұжым алдында қорғау Студенттер жұмысының жинағында мақалалар жазу Олимпиадаларға, дөңгелек үстелдерге | 0 – СӨЖ тапсырмалары орындалмаған болса 50 – СӨЖ орындалуы толық емес (студент реферат/макет/оқу кестесінде көрсетілген жұмыс өзектілігін толық ашпаған, тақырып бойынша қойылған |

| | | | |
|----------------------|--|--|---|
| | <p>биология», «Химия» және «Биохимия» «Белок филогенезінің биологиялық және медициналық маңызы. Белок филогенезін химиялық зерттеу әдістері»</p> <p>Жалпы оқыту сипатындағы кафедралар интеграциясы үшін келесі жобаларды ұсынуға болады:</p> <p>«Отандық медицина саласындағы қолданбалы және теориялық жетістіктердің маңызы»</p> <p>«Медициналық терминологияның даму тарихы, медицина ғылымын дамытудағы оның маңызы»</p> <p>«Қазіргі студент-дәрігердің психологиялық суреті»</p> <p>- тақырып бойынша макеттер немесе оқу кестелерін құрастыру</p> <p>- кәсіптік терминдер глоссарийін құрастыру</p> | <p>қатысу</p> <p>Сабақта макеттер немесе кестелерді қорғау</p> <p>Терминнің мәндік мағынасын тексеру</p> <p>* жұмыс аяқталғаннан кейін орындалған жұмысқа рецензия және курация жүргізген оқытушының ұсынуымен әр студенттің мінездемесі қажет</p> | <p>сұрақтардың көбіне жауап бере алмады, глоссарий бойынша көптеген терминдердің мағынасын білмейді, реферат техникалық талаптарға сай рәсімделмеген)</p> <p>75 – СӨЖ техникалық талаптарға сай орындалған және рәсімделген, бірақ студент реферат/макет/оқу кестесі бойынша бірнеше сұрақтарға жауап бере алмады, глоссарийден 1-2 терминге түсінік бере алмады)</p> <p>100 – СӨЖ материалын студент толық меңгерген</p> |
| <p>2 курс</p> | <p>- Кафедралар ғылыми жобаларына студенттердің қатысуы (мысалы, «Гистология», «Пат.анатомия», «Ішкі аурулар пропедевтикасы» кафедраларының тақырыптарын біріктіруге болады – <i>ақпараттық ізденіс жүргізу, материал жинауға қатысу,</i></p> | <p>Университет аясында және одан тыс конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарларда өзінің ізденген жұмысы нәтижелерімен баяндама жасау</p> <p>Мақалалар мен тезистер жазу</p> <p>Сабақты оқу фильмін қорғау</p> <p>* жұмыс аяқталғаннан</p> | <p>0 – СӨЖ тапсырмалары орындалмаған болса</p> <p>50 – СӨЖ орындалуы толық емес (студент реферат/макет/оқу кестесінде көрсетілген жұмыс өзектілігін толық аспаған, тақырып бойынша қойылған сұрақтардың көбіне жауап бере алмады, глоссарий бойынша көптеген терминдердің</p> |

| | | | |
|---------------|--|--|---|
| | <p><i>зерттелетін материалдарды өңдеуді меңгеру және т.б..</i></p> <p>«Қан түзу жүйесінің ауруары»</p> <p>- тапсырылған тақырып бойынша оқу фильмдерін іздеу және олардың презентациясы</p> <p>- Терминология глоссарийін құрастыру</p> | <p>кейін орындалған жұмысқа рецензия және курация жүргізген оқытушының ұсынуымен әр студенттің мінездемесі қажет</p> <p>Терминдердің мағыналық білімін тексеру</p> | <p>мағынасын білмейді, оқу фильмінің мәнін толық түсінбеген және оны өз сөздерімен түсіндіре алмады)</p> <p>75 – СӨЖ орындалған, бірақ студент өз жұмыстарының бөлімдері бойынша кейбір сұрақтарға жауап бере алмады, глоссарийден 1-2 терминді түсіндіре алмады, оқу фильмі туралы ойын өз сөзімен жеткізе алмады)</p> <p>100 – СӨЖ материалын студент толық меңгерген</p> |
| 3 курс | <p>- Кафедралар ғылыми жобаларына қатысуын жалғастыру</p> <p>- өзінің ғылыми студенттік жобасын және оның рәсімделуін жасап ұсыну</p> <p>- Берілген тақырыпқа эссе жазу</p> <p>- емхана, ауруханалар жұмысын реттейтін нормативті құжаттарды меңгеру</p> <p>- терминология бойынша глоссарий құрастыру</p> | <p>Университет аясында және одан тыс конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарларда өзінің ізденген жұмысы нәтижелерімен баяндама жасау</p> <p>Мақалалар мен тезистер жазу</p> <p>Эссе қорғау, берілген тақырып бойынша өз ойын сауатты жеткізу</p> <p>* жұмыс аяқталғаннан кейін орындалған жұмысқа рецензия және курация жүргізген оқытушының ұсынуымен әр студенттің мінездемесі қажет</p> <p>Нормативті актілер бойынша тест және ауызша/жазбаша сынақ немесе емтихан тапсыру</p> <p>Терминдер мәндік</p> | <p>0 – СӨЖ тапсырмалары орындалмаған болса</p> <p>50 – СӨЖ орындалуы толық емес (студент реферат/макет/оқу кестесінде көрсетілген жұмыс өзектілігін толық ашпаған, тақырып бойынша қойылған сұрақтардың көбііне жауап бере алмады, глоссарий бойынша көптеген терминдердің мағынасын білмейді, өз студенттік жобасын толық қарастырмаған, жоба туралы өз ойын қойылған талаптарға сәйкес жеткізе алмады, нормативті актілер бойынша тестті нашар тапсырды)</p> <p>75 – СӨЖ орындалған, бірақ студент өз жұмысының бөлімдері бойынша кейбір сұрақтарға жауап бере</p> |

| | | | |
|---------------|---|---|---|
| | | мағынасын тексеру | алмады, глоссарийден 1-2 терминді түсіндіре алмады, ғылыми жобасы бойынша бірнеше сұрақтарға жауап бере алмады, нормативті актілер бойынша тестті жақсы тапсырды, эссені талаптарға сәйкес жазды, бірақ сұрақ толық ашылмаған) 100 – СӨЖ материалын студент толық меңгерген |
| 4 курс | <ul style="list-style-type: none"> - Кафедра ғылыми жобаларына қатысу - Оқу фильмін құрастыру - медициналық қызметкерлер жұмысын реттейтін нормативті актілерді меңгеру - тәжірибелік денсаулықсақтау бөлімінің қызметі туралы аналитикалық хат | <ul style="list-style-type: none"> - Ғылыми жобаға қатысқандығы туралы есеп және студенттің жеке үлесі. * Ғылыми жобаға студенттің жеке үлесі туралы жоба жетекшісі немесе курация жүргізетін оқытушы рецензия беруі қажет - Оқу фильмін ұжым алдында қорғау және оның материалдарын сауатты түрде баяндау - Дөңгелек үстел отырысында немесе конференцияларда баядама материалдарын ұжым алдында қорғау * Жұмыс кафедра меңгерушісімен немесе СҒЗЖ/СОЗЖ жетекшісімен рецензиялануы қажет. - нормативті актілер бойынша тест немесе оқу/жазбаша сынақтар тапсыру немесе емтихан - студент аналитикалық хатын қорғау | <ul style="list-style-type: none"> 0 – СӨЖ тапсырмалары орындалмаған 50 – СӨЖ орындалуы толық емес (студент жұмыс өзектілігін толық ашпаған, тақырып бойынша қойылған көптеген сұрақтарға жауап бере алмады, оқу фильмі орындалуының мақсаты мен өзектілігін толық ойланбаған, нормативті актілер бойынша тесттерді нашар тапсырды, аналитикалық хат сұрақтары туралы көзқарасын толық аша алмаған, яғни жұмыс қалпын дұрыс бейнелей алмады) 75 – СӨЖ орындалған, бірақ студент тақырып бойынша кейбір сұрақтарға дұрыс жауап бере алмады, оқу фильмінің қажеттілігі мен өзектілігі туралы толық жеткізе алмады, аналитикалық хатта кейбір сұрақтар толық |

| | | | |
|---------------|---|--|---|
| | | <p>* Тәжірибелік денсаулық сақтау бөлімшесінің бас дәрігері аналитикалық хатты рецензиялауы қажет</p> | <p>ашылмаған) 100 – СӨЖ материалдарын студент толық меңгерген</p> |
| 5 курс | <p>- Кафедра ғылыми жобаларына қатысуы - Оқытушының жетекшілігімен стандартты немесе жоспарлы науқасты дәрігерлік жүргізу</p> | <p>- Ғылыми жобаға қатысқандығы туралы есеп және студенттің жеке үлесі. * Ғылыми жобаға студенттің жеке үлесі туралы жоба жетекшісі немесе курация жүргізетін оқытушы рецензия беруі қажет - Мини клиникалық конференция студент ауру тарихтарымен, диагностика әдістерімен, нәтижелерімен, науқасқа диагноз қою жолдарымен, оны емдеу әдістерімен және сауықтыру шараларымен, сонымен қатар қателіктерді талдаумен таныстырылады. Студенттер қойылған сұрақтарға жауап беруге теориялық дайын болуы керек Курация жүргізуші оқытушы немесе тәжірибелік дәрігер жұмысқа рецензия және студентке мінездеме береді.</p> | <p>0 – СӨЖ тапсырмалары орындалмаған 50 – СӨЖ орындалуы толық емес (студент жұмыс мақсатын толық ашпаған, тақырып немесе стандартты науқасты жүргізу бойынша қойылған көптеген сұрақтарға жауап бере алмады, 75 – СӨЖ орындалған, бірақ студент тақырып немесе стандартты науқасты жүргізу бойынша кейбір сұрақтарға жауап бере алмады) 100 – СӨЖ материалдарын студент толық меңгерген</p> |

СӨЖ кейбір түрлерінің сипаттамасы және оларды орындауға қойылатын талаптар

Реферат – мемлекеттік құрылым теориясы, мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, жаңа мемлекеттік кадрлық саясат, экономикалық стратегия және тактика, басқару институттарының қызметтері, қоғам өмірінің белгілі бір саласындағы мемлекетке қатысты бір өзекті сұрақтар бойынша жазбаша аналитикалық жұмыс.

Реферат құрамының 30 %ын теориялық материал құрайды, тәжірибелік материал қолданбалы сипатта болады (аймақ немесе саланың арнайылығын көрсететін жергілікті тәжірибе негізінде) – 70 %.

Реферат латын тілінен аударғанда «баяндама жасасын» дегенді білдіреді. Сондықтан бұл өзбетінше жасалған немесе ұсынылған әдебиет көздерімен жүргізілген идеялардың (концепция, оқымыстылардың көзқарасы, сонымен қатар, қоғам қайраткерлері) жалпылама жазбасы және авторлық қорытындыларының ұсынысы.

Белгілі бір мәселе төңірегінде өз ойын баяндау үшін: біріншіден, материалды жақсы меңгеруі қажет, ал екіншіден оның мазмұнын жазбаша түрде жеткізе білу, дұрыс қорытынды жасай білу қажет.

Рефератта ізденушілік сипаттағы белгілер болуы керек: негізгі концепциялар мазмұнының ашылуы, осы мәселе бойынша кейбір мамандар ойларының қайталануы мүмкін. Реферат жазу кезінде құжат фрагменттері аргументтермен бірге жүреді.

Реферат зерттеу сипатында болады және автордың шығармашылық ізденісінің нәтижелерінен тұрады. Қорытындысында рефераттың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес негізгі авторлық зерттеулердің нәтижелері келтіріледі, жалпылама қорытынды жасалады немесе мемлекет, аймақ, басқару саласы деңгейінде осы мәселелерді шешу үшін ұсыныстар беріледі.

Эссе француз тілінен "essai", ағылшын тілінен "essay", "assay" – сынақ, сынама, очерк; латын тілінен "exagium" – ойға салу, ойластыру (взвешивание) дегенді білдіреді. Бұл белгілі бір мәселені ашық түрде талдау, талқылау аргументтелген интеллектуалды ізденіс. Эссе нақты сұрақ бойынша жеке ойларын бейнелейді. Ереже бойынша, эссе бір нәрсе туралы жаңа ой, субъективті сөздер және ол философиялық, тарихи-биографиялық, ұжымдық, әдеби-критикалық, ғылыми-тағылымдық, беллетристикалық сипатқа ие бола алады.

Эссе – ұсынылған тақырыпқа өзбетінше жазбаша жұмыс. Эссенің мақсаты өзбетінше шығармашылық ойлау қабілетін және өз ойын жазбаша жеткізу дағдыларын дамыту болып табылады. Жазылған эссе авторға өз ойын нақты және анық құрастыруға, ақпаратты құрылымдандыруға, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп-салдарлы байланысын анықтауға, сәйкес мысалдардың түсініктерін келтіруге, өз қорытындыларын нақтылауға; ғылыми сөйлеуді игеруге мүмкіндік береді.

Эссе мазмұны: қойылған мәселенің мәнін анық ашу, концепция және аналитикалық әдістерді қолдана отырып, мәселеге өзбетінше талдау жүргізу, қорытынды, мәселе бойынша жалпылама авторлар ойынан тұрады. Әртүрлі тақырыпқа қарай эссе түрі өзгеріп отырады. Кей жағдайларда меңгерілетін мәселе бойынша статистикалық мәліметтер, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, толық ойлармен ұсынылып отырған тапсырмалар, мәселені көрнекілейтін мәліметтері толық және нақты талданады және т.б.

Эссе құрастыру – бұл сұраққа жауап беру немесе тақырыпты ашу, және ол дәлелдеудің шынайы жүйесіне негізделген. Өз ойыңызды анық және нақты жеткізуге тырысыңыз, эссе фразалары нақтыланған және бекітілген болуы керек. Эсседе де барлық жұмыстардағы тәрізді ішкі ой қарастырылуы қажет.

Эссе құрылымы:

1. Мұқабә парағы (бір жүйе бойынша толтырылады, 1 қосымшаны қараңыз);
2. Кіріспе – берілген тақырыпты не үшін таңдағандығын негіздеу және мәні көрсетіледі, логистикалық және стилистикалық байланысқан бірнеше компоненттен тұрады.

Осы сатыда зерттеу барысында жауабын табуға тырысатын сұрақты дұрыс құрастырудың маңызы зор, ал одан кейін жауапты негіздетін, дәлелдейтін аргументтер қажет.

Кіріспемен жұмыс кезіне келесі сұрақтарға жауап берудің көмегі тиюі мүмкін: «Осы эсседе қарастырылған терминдерге анықтама беру қажет пе?», «Мен ашуға тырысатын тақырып нәліктен қазіргі кезде маңызды болып табылады?», «Тақырып бойынша менің талдауымда қандай түсініктер қарастырылуы керек?», «Мен тақырыпты бірнеше тақырыпшаларға бөле аламын ба?».

3. Негізгі бөлім – берілген мәселенің теориялық және тәжірибелік негіздері және негізгі сұрақтардың мазмұнын ашу. Берілген бөлім аргументтеу мен талдауды, сонымен қатар берілген мәліметтерге сәйкес оларды негіздеуді қарастырады. Эссенің негізгі мәні де осы. Сондықтан, құрылымдандырылған аргументтермен жүзеге асырылатын мәліметтердің маңызы зор; осы жерде ұсынылатын аргумент/талдауларды негіздеу қажет (логикалық түрде мәліметтер немесе нақты ойларды қолдана отырып). Осы мәліметтер келтірілетін жерде график, диаграмма және кесте қолдануға болады.

4. Қорытынды – тақырып бойынша оның қолданылатын саласын көрсете отырып, жалпылама және нақты нәтиже шығару. Эссені қорытындылайды немесе тағы да түсінік береді, негізгі бөлімде баяндалатын ойдың мәні мен мағынасын нақтылайды. Қорытындыны құрастыру үшін ұсынылатын әдістер: қайталау, иллюстрация, цитаталар. Қорытындыда эссені толықтыратын элементтердің бірі зерттеуді қолдануға көрсеткіш (импликация) қолданылуы мүмкін. Қорытынды келесі сұраққа жауап беруі қажет: «Эссенің басында қойылған мәселе туралы не айтуға болады?». Эсседе зерттелетін мәселеге қатынасы, оны нақтылау игерімі, өз бетінше жұмыс істей алуы және ойлау қабілеті бағаланады.

Аналитикалық хат – өзбетінше орындалған шығармашылық жұмыс, онда мемлекеттік мекеме қызметі немесе аймақтың, саланың басқару сферасының дамуындағы өзекті сұрақтар бойынша жүргізілген талдау қарастырылады. Тыңдаушы аналитикалық хаттың тақырыбын өзі таңдайды. Аналитикалық хат құрамына ҚР Мәжілісімен қабылданған бағдарламалық құжаттарға, және ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауына сілтеме енгізу ұсынылады.

Талдау жүргізу кезінде мәселелі сұрақтар, егер мүмкіндік болса мамандар мен эксперттердің ойын, талдау жүргізу барысындағы жағдайы, оны шешу жолдары мен мәселені жаңадан шешу қарастырылады. Автор маман ретінде өз көзқарасын ұсына алады. Аналитикалық хат жағдайды объективті бағалауға, осы мәселені шешуге стратегиялық және конструктивті жолмен келуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, тыңдаушы талданған мәселені шешудегі өзінің нақты ұсыныстарын, шараларын баяндауы керек.

Студенттердің өзіндік жұмысын орындауда қойылатын талаптар:

I. Студенттердің өзіндік жұмысының құрылымы мен көлемі

1.1. Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- 1) мұқаба парағы (аналитикалық хаттың, рефераттың бірінші беті)
- 2) мазмұны;
- 3) кіріспе (мақсаты, міндеттері);
- 4) негізгі бөлім (тараулардан, кезеңдерден тұруы мүмкін);
- 5) қорытынды (орындалған жұмыс мазмұнына, жүргізілген талдауға, мәселелі жағдайға, күтілетін нәтижелерге сәйкес қорытынды, ұсыныс жасалады);
- 6) қолданылған әдебиеттер тізімі;
- 7) қысқартылған сөздер, белгілер және шартты белгілер (қажет болса) тізімі;
- 8) қосымшалар, слайдтар (қажет болса).

1.2. Өзбетінше жазбаша жұмыс көлемі 10 – 15 баспа бетінен тұрады.

II. Студенттердің өзіндік жұмысын рәсімдеу ережелері

2.1. өзбетінше жасалған жазбаша жұмыс компьютерде А4 форматындағы парақтың бір бетінде басылуы қажет. Шрифт - Times New Roman, шрифт өлшемі – 14, бағана аралығы – бірлік, жаңа жол – 1 см. Парақтың беті бойынша түзетіліп форматталады. Шеттері: сол жақ – 3 см, оң жақ – 1 см, жоғарғы – 2 см, төменгі – 2 см.

III. Негізгі бөлімінің орындалу критерийлері

3.1. Өзбетінше орындалатын жазбаша жұмыстарға: аналитикалық хат, реферат жатады.

Жазбаша жұмыстардың дайындалуындағы жалпы тәжірибе бойынша келесі талаптарды орындау ұсынылады:

- жазбаша жұмыста ашу және сәйкес ойды қалыптастыру үшін таңдалған тақырып (мәселе) мағынасы;
- ақпараттық және әдеби көздерді іздеу;
- материалдарды жүйелендіру және жұмысты жазу жоспарын құрастыру;
- жұмыстың мазмұнын жазу;
- техникалық рәсімдеу.

5. Студенттере СӨЖ мазмұндық бөлімін орындауда келесі көрсеткіштерді сақтау ұсынылады:

- 1) жұмыста тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, теориялық және тәжірибелік маңызы жасалады;
- 2) жұмыс құрамының теориялық материал 30 % құрайды, тәжірибелік материал – 70 %.
- 3) жұмыста мәселелі жағдайды шешудегі өз көзқарастарын бейнелеу қажет, талдау жүргізіледі, барлық сұрақтар жан жақты зерттеледі және оларды шешу жолдары қарастырылады, ұсыныс түрінде рәсімделеді;
- 4) жұмыста жұмыс бөлімдерінің логикалық реттілігі сақталуы қажет және өзара байланысы;
- 5) жұмыс эстетикалық, грамматикалық және стилистикалық қатесіз рәсімделеді.

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті студентінің
«портфолиосы»**

1. Портфолио туралы жалпы мәлімет

- 1.1 Мақсаты: студентке жеңіске ұмтылған, саналы түрде шешім қабылдай алатын, мақсат қоя білетін және оған жету жолында әлеуметтік қажетті қасиеттерге ие жеке тұлға ретінде өзбетінше жетілуіне көмектесу.
- 1.2 Портфолио – ҚазҰМУ студентінің «өзбетінше жетілу» компетенциясын қалыптастыру деңгейінің объективті сипаттамасы.
- 1.3 Портфолио – ҚазҰМУ оқу барысында студенттің әртүрлі саладағы (оқу, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативті) жеке жетістіктерінің жиынтығынан тұратын құжаттар кешені.
- 1.4 Портфолио жеке студентпен ҚазҰМУ барлық оқу ағымы барысында жасалады. Оны құрастыру оқу аяқталуымен қатар тоқтатылады. Өзінің портфолиосы үшін материал жинаумен айналысатын студент жеке жетістіктеріне арналған папкасына қандай құжаттар мен материалдарды салу туралы шешімді өзі қабылдайды.
- 1.5 Портфолио оқу жылы бойынша және ұсынылатын бөлімдеріне сәйкес құрылымдардан тұрады.
- 1.6 «Портфолио» студенттермен баспа және электронды нұсқада жазылады, сертификат, диплом, құрмет қағаздары, алғыс хаттар көшірмелерінен тұрады және топ кураторына тексеруге беріледі. Портфолио материалдары студенттің өзімен файлды папкаға салынады. Куратормен (жетекші) оқу жылы ағымында студентті жігерлендіру және портфолио рәсімдеуде оған кеңес беру жүргізіледі.
- 1.7 Портфолио студентке өзінің оқу және өзбетінше жетілуге бағытталған қосымша жұмыстарына есеп беруге мүмкіндік жасайды, және басқа студенттермен салыстырғанда жеке жетістіктері жоғары деңгейде болған жағдайда университет әкімшілігімен ұсынылатын жеңілдіктерге қол жеткізуге (грантқа ауысу, шетелде білім алу т.б.), ҚазҰМУ ұсыныс хатын алуға (мысалы, жұмысқа орналасу үшін) мүмкіндік береді.
- 1.8 Портфолио рәсімделуін бағалау, құжаттардың растығына тексеру жүргізу студент оқитын топ кураторымен (жетекші) жүзеге асырылады. Студент кураторы (жетекшісі) оқу жылының аяқталуына қарай жеке жетістіктері кестесінде студентпен келтірілген мәліметтердің дұрыстығын өзінің қолын қою арқылы растайды. Бұл үшін студент берілген бөлімді уақытылы толтырып тұруы және растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.
- 1.9 «Портфолионы» қорытындылайтын құжат студенттің жеке жетістіктерін ескере отырып, біріздендірілген схемаға сәйкес толтырылатын, «өзбетінше жетілу» компетенциясының қалыптасуын сипаттайтын куратор түйіндемесі болып табылады.
- 1.10 Портфолио оқу жылының соңында кураторға тексеруге тапсырылады.
- 1.11 Осы ережелердің орындалуын талдауды ҚазҰМУ оқу сабақтарының сапасын бағалау бойынша тәуелсіз эксперттер тобы жүзеге асырады.

2. Күтілетін нәтижелер.

«Портфолио» жасауда жүйелі жұмыс тиімділігі түлектің жалпы азаматтық құндылықтарының қаншалықты қалыптастырылғандықтарымен, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындай алу мүмкіндігімен, қоғамдық институттарға бейімделу игерімімен,

оның үнемі білім іздеуге, өзбетінше даму және өзбетінше жетілуге деген құштарлығымен анықталады.

3. Студент портфолиосының құрылымы:

Портфолио үш бөлімнен тұрады:

- I. СТУДЕНТ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР (МЕНИҢ СУРЕТИМ).
- II. КЕСТЕ ТҮРІНДЕГІ БӨЛІМДЕРДЕН ТҰРАТЫН ЖЕКЕ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ.
- III. ЖЕКЕ ЖЕТІСТІКТЕРІН ДӘЛЕЛДЕЙТІН ҚҰЖАТТАР КЕШЕНІ.

Портфолионы рәсімдеу бойынша нұсқаулар I бөлім. СТУДЕНТ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР «Менің суретім»

Бөлім барлық оқу жылы үшін бірдей болып табылады, келесі мәліметтерден тұрады:

1 беті - студент туралы жеке мәліметтер, немесе Портфолио жүргізушісі туралы:

- 1) Студент суреті
- 2) Аты
жөні _____
- 3) Туылған күні _____, ҚазҰМУ түскен жылы _____
- 4) Факультеті _____, курсы _____, топ нөмірі _____
- 5) Мамандығы _____

2 беті – «Мен неліктен дәрігер мамандығын таңдадым?» тақырыбына өзбетінше құрастырылған эссе, өзбетінше талдау, ойлау қабілеттерін, логика және студенттің ойын жеткізе алу, сауатты мәтін құрастыру мүмкіндіктерін көрсетуі қажет;

3 беті - студенттің белгілі бір мерзім аралығына қойылған мақсаттары туралы қысқаша мәлімет, оларға жету жолдарын талдау;

Ескерту: баяндама ерікті түрде жасалады. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың әрқайсысы толықтырылуы, өзгертілуі, университетте оқу жылдарының барысында ауыстырылуы мүмкін.

II бөлім. БӨЛІМДЕРДЕН ТҰРАТЫН КЕСТЕ ТҮРІНДЕ ЖЕКЕ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Студенттің үлгірімі

| <i>Таңдаған мамандығы бойынша оқудағы жетістіктері үшін студенттің орташа бағасы (GPA)</i> | | | | |
|--|---------------|---------------|---------------|---------------|
| <i>1 курс</i> | <i>2 курс</i> | <i>3 курс</i> | <i>4 курс</i> | <i>5 курс</i> |
| | | | | |

2. Курстық (дипломдық) жұмыстары туралы мәліметтер

| <i>Курс</i> | <i>Жұмыстың тақырыбы</i> | <i>Жұмысқа қойылған баға</i> |
|-------------|--------------------------|------------------------------|
| 1 курс | | |
| 2 курс | | |
| 3 курс | | |
| 4 курс | | |
| 5 курс | | |

3. Пән бойынша олимпиадаларға қатысу

| Курс | Олимпиаданың аты | Өткізілетін орны мен уақыты | Ескерту (қоғамдық марапаттау – құрмет қағазы, алғыс хат, диплом) |
|--------|------------------|-----------------------------|---|
| 1 курс | | | |
| | | | |
| 2 курс | | | |
| | | | |
| 3 курс | | | |
| | | | |
| 4 курс | | | |
| | | | |
| 5 курс | | | |
| | | | |

Төменде жыл сайын толықтырылып отыратын мәліметтер келтірілген

4. Элективті курстарды, қосымша оқу бағдарламаларын және/немесе медициналық бағдарламаларды меңгеруі

| № | Элективті курстың немесе бағдарламаның аты | Сағат саны | Оқуды өткен орны мен уақыты | Бағдарламаны меңгергендігі туралы құжат атауы |
|---|--|------------|-----------------------------|---|
| | | | | |

| | | | | |
|----|--|--|--|--|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

5. Студенттің ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстары

5.1 Ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарларға және т.б. қатысуы

| № | Конференцияның аты | Конференцияның өткізілген күні мен орны | Баяндама тақырыбы | Ескерту (бағдарлама) |
|----|--------------------|---|-------------------|----------------------|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| 4. | | | | |
| 5. | | | | |

5.2 Жобаларға қатысты конкурсқа қатысуы

| № | Конкурстың аты | Конкурс өткізілген күні | Жобы тақырыбы | Ескерту (сертификат, құрмет қағазы бар туралы белгі т.б.) |
|----|----------------|-------------------------|---------------|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

5.3 Журнал және газеттерде жарияланған мақалалар тізімі

| № | Мақаланың аты | Баспа орны | Күні, нөмірі, беті | Ескерту (мақала түпнұсқасы немесе көшірмесі) |
|----|---------------|------------|--------------------|--|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

6. Студенттің сабақтан тыс белсенділігі

6.1. Студенттер өзін-өзі басқару және жастар қоғамдық ұйымдары жұмыстарына қатысуы

| № | Студенттер өзін өзі басқару органы, ұйым аты | Жұмыс түрі | Жұмыс істеу уақыты | Ескерту (қоғамдық марапаттау – құрмет қағазы, алғыс хат, дипломдар) |
|----|--|------------|--------------------|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

6.2 Спорт саласындағы студенттің жетістіктері

| № | Спорт түрі | Сайыстарға қатысуы | Сайыс күні | Ескерту (сертификат, құрмет қағазы, диплом) |
|----|------------|--------------------|------------|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

6.3 Студенттің шығармашылық жетістіктері

| № | Жұмыс түрі | Конкурс, фестивальдарға қатысуы | Күні | Ескерту (құрмет қағазы, диплом) |
|----|------------|---------------------------------|------|---------------------------------|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

6.4 Оқушының өзбетінше жетілуде жасаған шаралары

| № | Жұмыс түрі | Клуб, Тіл меңгерудегі мектептерге қатысуы (қосымша) | Күні | Ескерту (сертификат, диплом, куәлік және т.б. бар туралы белгі) |
|----|------------|---|------|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

7. «Студент қоры»

- Сүйікті пәндері, оқытушылары, оқу әдістері;
- Ғылым, медицина, таңдаған мамандығы туралы эссе және т.б.
- Оқытушылардың және ғылыми жетекшілердің, дипломға дейінгі және дипломнан кейінгі тәжірибелер мінездемесі;

- Науқастар және емдеу алдын алу мекемелері жетекшілерінің алғыс хаттары;
- Мақсаттары мен міндеттерін орындауда өзінің талдауы (кез келген түрде);
- Студенттің өзбетінше жетілуге және дамуға ұмтылысын көрсететін әртүрлі оқу және сабақтан тыс шаралар кезіндегі фотосуреттер (ашық сабақ, диспут, концерт, шефтік жұмыс, волонтерлік шаралар және басқалары);
- Оқып бітірген әдеби кітаптар тізімі;

8. Студенттердің жеке жетістіктерінің қорытындысы _____ оқу жылы*

| Студенттердің жеке жетістіктерін бағалау критерийлері | | | |
|---|--|---------------------|------------------------------|
| Жұмыс түрі | Орындалуы | Балл | Студент баллының саны |
| Олимпиадалар | 1 орын | 100 | |
| | 2 орын | 85 | |
| | 3 орын | 75 | |
| | Қоғамдық жұмыстары үшін – құрмет қағазы, алғыс хат | 50 | |
| | қатысуы | 30 | |
| Конференциялар мен семинарлар | Ұйымдастыру комитетінің мүшесі | 50 | |
| | Баяндамамен қатысуы | 100 | |
| | Баспа жұмыстарының болуы | 75 | |
| | Қатысуы | 30 | |
| Сайыстарға қатысуы | 1 орын | 100 | |
| | 2 орын | 85 | |
| | 3 орын | 75 | |
| | Сертификат, құрмет қағаздарының болуы | 50 | |
| | Қатысуы | 30 | |
| Қосымша оқу бағдарламаларын, элективті курстарды меңгеруі | | 10 б Әр курсқа | |
| Журналдар, газеттерде баспа жұмыстары (университеттік және басқа) | | 10 б Әр парағына | |
| Университет имиджіне позитивті әсер ететін тележобаларға қатысуы | | 50 | |
| Спорт сайыстарына қатысуы | 1 орын | 100 | |
| | 2 орын | 85 | |
| | 3 орын | 75 | |
| | Қоғамдық марапаттау – құрмет қағазы, алғыс хат | 50 | |
| Спорт секцияларына қатысу | | 20 | |

| | | | |
|----------------------------------|--|-----------------------------------|-------|
| Қоғамдық белсенділік | Студенттер қауымының және жастар қоғамдық ұйымдарының басқарушы жұмыстарына қатысуы | 100 | |
| | Деканат бұйрығы бойынша қоғамдық шараларға қатысуы | 20 | |
| | Қоғамдық марапаттау – құрмет қағазы, алғыс хат | 40 | |
| | Деканат бұйрығы бойынша қоғамдық шараларды ұйымдастыруға қатысуы | 30 | |
| Шығармашылық жетістіктері | 1 орын | 100 | |
| | 2 орын | 85 | |
| | 3 орын | 75 | |
| Конкурс, фестивальдарға қатысуы. | Қоғамдық марапаттау – құрмет қағазы, алғыс хат | 50 | |
| | Конкурсант ретінде қатысуы | 30 | |
| Студент қоры | Студент туралы жақсы ойлар және ұсыныстары | 10 б әр ұсынысқа | |
| | Ғылым, медицина туралы эссе (сәйкес мекеме жетекші мамандарынан рецензиясының болуы, мөрмен бекітілген) | 30 | |
| | Мазмұнды орындалған және куратормен тексерілген жұмыс талдауы, студенттің мақсаты мен міндеттерін анықтау | 50 | |
| | Сабақ кезінде орындалған және оқытушыларға ұнаған және рецензияланған жұмыстар (соның ішінде СӨЖ тапсырмалары) | 10 б Әр жұмысқа | |
| | Әртүрлі оқу кезіндегі және оқудан тыс шаралардан фотосуреттер | 1 б әр шара үшін | |
| | Студенттің өзбетінше жетілуге ұмтылысы (сабақтан тыс шаралар, тренингтер) | 5 б әр шара үшін | |
| | Науқастардың емдеу-алдын алу мекемелері жетекшілерінің алғыс хаттары | 20 б әр хат үшін | |
| | Шет тілді меңгеруі (қосымша) | 50 б. | |
| | Қосымша білім алу (мектеп, клубтар, семинарлар, тренингтер) | 20 б Әр қайсысына | |
| | Портфолио рәсімдеуі | Таза, көрнекі, құрылымы сақталған | 10-30 |
| | Барлығы балл | | |

***Ескерту:** студент өзбетінше кестеде баллдарын есептейді және белгілейді. Куратор түйіндеме берместен бұрын есептелген ақпараттың растығына көз жеткізеді.

8.1. Куратор тұжырымдамасы

Студент _____, _____ курс/тобы, көрсетті:
 - оқу үрдісіндегі жетістіктері (үздік, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз) (_____ балл GPA);
 - оқу жылында жеке жетістіктерінің деңгейі (күшті, орташа, жеткіліксіз) _____, портфолионы рәсімдеуде _____ балл жинады.
 Университеттің ғылыми, баспа, шығармашылық, спорттық өмірінде белсенділік танытты _____

Өзбетінше жетілу және өзбетінше дамуға ұмтылады _____
 Компетентті _____

Қосымша мәліметтер (куратордың ойынша) _____

Куратор аты-жөні және қолы _____

Кафедра менгерушісі аты-жөні және қолы _____

Кафедра _____

Күні _____

Студент портфолиосындағы ақпараттар мен құжаттардың растығын дәлелдейтін мәліметтер

| <i>Студент</i> | | | | |
|--|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|
| <i>1 курс</i> | <i>2 курс</i> | <i>3 курс</i> | <i>4 курс</i> | <i>5 курс</i> |
| | | | | |
| <i>Топ старостасы</i> | | | | |
| <i>1 курс</i> | <i>2 курс</i> | <i>3 курс</i> | <i>4 курс</i> | <i>5 курс</i> |
| аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ |
| күні _____ | күні _____ | күні _____ | күні _____ | күні _____ |
| <i>Студенттер қауымының Президенті</i> | | | | |
| <i>1 курс</i> | <i>2 курс</i> | <i>3 курс</i> | <i>4 курс</i> | <i>5 курс</i> |
| аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ | аты, тегі, әкесінің аты _____ |

| | | | | |
|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|
| күні _____ | күні _____ | күні _____ | күні _____ | күні _____ |
| Топ кураторы | | | | |
| 1 курс | 2 курс | 3 курс | 4 курс | 5 курс |
| аты, тегі, әкесінің аты | аты, тегі, әкесінің аты | аты, тегі, әкесінің аты | аты, тегі, әкесінің аты | аты, тегі, әкесінің аты |
| кафедра | кафедра | кафедра | кафедра | кафедра |
| күні _____ | күні _____ | күні _____ | күні _____ | күні _____ |

III бөлім. ЖЕКЕ ЖЕТІСТІКТЕРІН ДӘЛЕЛДЕЙТІН ҚҰЖАТТАР КЕШЕНІ

Берілген бөлім құрамына сертификат, диплом, мақтау қағаздары, алғыс хаттардың түпнұсқасы немесе көшірмелері (нотариалды бекітілген) кіреді.

Топ кураторы (жетекші) алынған мәліметтер мен II бөлімдегі мәліметтердің сәйкестігін тексереді.

Өз портфолиосы үшін материалдар жинаумен айналысатын студент өзінің жеке жетістіктерін орналастыратын папкаға қандай құжаттар мен материалдар салатындығы туралы шешімді өзі қабылдайды. Бұл портфолиомен жұмыс істеудегі жетекші қағида болып табылады. Ешқашан оның портфолиосына (оның иесінің келісімінсіз) студентке тиісті жерге өз портфолиосын ұсынатын кезде материалдар салуына, әсіресе соңғы сатысында, мәжбүрлеуге болмайды.

Қысқартылған сөздер тізімі:

ББК – білім бағдарламалары комитеті

СӨЖ – студенттерді өзіндік жұмысы

ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені

БСБЗжәнеМБҒТН Орталығы – білім сапасын бақылау, зерттеу және медициналық білімді ғылыми тұрғыда негіздеу орталығы

ТД орталығы – тәжірибелік дағдылар орталығы

ОД – оқу департаменттері

ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**



**Модель медицинского образования Казахского Национального
медицинского университета им. С.Д.Асфендиярова:**

**Оценка компетенций по уровням обучения
(базовое медицинское образование – бакалавриат)**



Алматы, 2011 г.

Содержание

| | Страницы |
|--|----------|
| Введение | 45 |
| 1. Область применения | 46 |
| 2. Нормативные ссылки | 46 |
| 3. Общие положения | 47 |
| 4. Основные понятия системы оценки уровня компетентности обучающегося | 47 |
| 5. Измерители компетенций учащихся | 49 |
| 6. Методы и инструменты оценки ключевых компетенций студентов КазНМУ | 51 |
| 6.1 Рекомендации по текущей оценке компетентности студента | 51 |
| 6.1.2 Итоги текущей оценки формирования ключевых компетенций студента КазНМУ | 56 |
| 6.2 Рекомендации по итоговой оценке компетентности студента | 56 |
| 6.2.1 Итоговая оценка формирования компетенции «знания» | 56 |
| 6.2.2 Итоговая оценка формирования компетенции «практические навыки» | 57 |
| 6.2.3 Итоговая оценка формирования компетенции «коммуникативные навыки» | 60 |
| 6.2.4 Оценка формирования компетенции «Адвокат здоровья» | 62 |
| 6.2.5 Оценка уровня формирования компетенции «самосовершенствование» | 63 |
| 7. Учебно-материальные активы для проведения оценки компетентности студентов КазНМУ | 64 |
| Приложение 1. Оценка коммуникативных компетенций | 65 |
| Приложение 2. Образец оформления учебного журнала с учетом рекомендаций по оценке формирования ключевых компетенций студента | 66 |
| Приложение 3. Требования к оформлению и оценке выполнения самостоятельной работы студентов (СРС) | 67 |
| Приложение 4. «Портфолио» студента Казахского национального медицинского университета имени С.Д. Асфендиярова | 75 |
| Перечень сокращений | 83 |
| Список литературы | 83 |

ВВЕДЕНИЕ

Обучение в медицинском ВУЗе является одним из самых сложных вариантов профессионального развития. Придя со школьной скамьи с разными уровнями способностей и подготовки, и еще недостаточно адаптировавшись к вузовской организации учебного процесса, студенты должны быть способны к накоплению знаний в процессе, как самостоятельной работы, так и под руководством преподавателя. Это возможно только при высоком уровне самоорганизации и самодисциплины в условиях работы без ежеминутного воздействия педагога. Конечным результатом процесса обучения, помимо приобретения профессиональных навыков, должны являться психологические преобразования в личности студента, дающие ему в будущем возможность успешно справляться с профессиональной деятельностью.

В современной мировой образовательной практике понятие компетентности представляется в качестве «узлового». В КазНМУ впервые разработана Модель медицинского образования с учетом формирования компетенций у выпускников, внедрение которой позволяет подготовить специалиста, способного к генерированию инновационных решений в области своей профессиональной деятельности, обладающего навыками креативно-аналитического мышления с использованием современных информационных средств принятия управленческих решений.

В Модели медицинского образования КазНМУ предложено **5 компетенций** выпускника: знание, практические навыки. Коммуникативные навыки, адвокат здоровья и самосовершенствование. Эти компетенции можно условно объединить в две группы – универсальные, в состав которых входят общенаучные, инструментальные, социально-личностные и общекультурные компетенции, и профессиональные компетенции.

К группе универсальных компетенций, являющихся базовыми, одинаковыми для всех направлений подготовки, следует относить общенаучные и аналитические компетенции, базовые инструментальные навыки, умение работать с информацией, креативность, инновативность, навыки устной и письменной коммуникации, навыки самоопределения и проблематизации. Компетенции формируются последовательно, разных курсах обучения, актуализируясь в процессе формирования профессиональных компетенций через тренинги, практикумы, кейсы и другие виды учебно-практической деятельности.

В связи с тем, что компетентностная модель качества подготовки выпускников КазНМУ ориентирована на междисциплинарные требования к результату образовательного процесса, система оценки уровня сформированности компетенций так же должна иметь интегрированный подход к его организации. Это позволит всем сотрудникам вуза видеть процесс подготовки специалистов по конкретной образовательной программе от начала до конца и свое место в этом процессе, что должно положительно сказаться на повышении ответственности каждого сотрудника за результаты своей деятельности.

